

САРА САЛІМҚЫЗЫ

Назік
сенің
жүрегің



Сара СӘЛІМҚЫЗЫ

НӘЗІК СЕНІҢ ЖҮРЕГІҢ



Тоғанай Т
Алматы
2014

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5 қаз) - 5

С 17

Бұл еңбегімді ширек ғасыр бұрын жаралы жүрегімді мейіріммен жазған, сынған қанатымды емдеп, қырандай баптап, тұғырыма қайта қондырған Күртінің Топарындағы, Бақанастай бай өлкедегі ел-жұртыма, замандастарыма, «өкіл» аға-ана, бала, бауырларыма арнаймын! Кітаптың жарыққа шығуына демеушілік көрсеткен Талғар қаласындағы медицина колледжінің жастары – Шәкен Қайсарға, Айдабол Сандуғашқа, Айжанға, Арайлымға, Жәмилаға, Гүлбейнеге, Назеркеге шексіз алғысымды білдіремін!

Автор

Сәлімқызы С.

С 17 **Нәзік сенің жүрегің** / С. Сәлімқызы. – Алматы: «Тоғанай Т», 2014. – 88 бет.

ISBN 978-601-7409-50-3

Сара Сәлімқызының мамандығы – дәрігер. Ақын болу үшін міндетті түрде тіл әдебиеті факультетін бітіріп, журналистика бөлімінде оқу шартты емес екен. Осы ойымызға автордың бұған дейін жарық көрген «Балауса бала сезім», «Егіз өнер арқамда» кітаптары айқын дәлел.

Шығармашылық ұстанымы анық, әрбір дүниесі жүрегің толқытып, тебірентіп шығатынына да өлеңдерін оқыған кезде көзіңіз жете түседі. Поэзия дейтін әлемде өзіндік өрнегі бар ақынның бұл жинағы да көңіліңізден шығатынына сенімдіміз.

Кітап жырсүйер қауымға арналған.

УДК 821.512.122-1

ББК 84 (5 қаз) - 5

ISBN 978-601-7409-50-3

© Сәлімқызы С., 2014

© «Тоғанай Т», 2014

НӘЗІК СЕҢІҢ ЖҮРЕГІҢ

(Ұлым Ерланға)

Нәзік сенің жүрегің –
Жүрегімнен жаралған!
Жолыңа жаным садаға,
Берекем сен жан балам
Ақындығымды ояттың,
Шаранаңда жатып-ақ.
...Бесігіңді тербеткем,
Ақ өлеңмен таң ұзақ.
Елуімде ес жиғызды,
Бір ауыз сөзің себеп боп.
Батыл еттің алпыста,
(Оғандағы себеп көп...)

* * *

Ақын еткен анасын,
Батыл еткен анасын,
Айналайын Ер Ұлым –
Елчонымның папасы –

(«Іші де ұқсас» қызына,
«Сырты да ұқсас» қызына,
Бәріне де сен қазына!)

Айналайын Елігім,
Ақтаған ана сенімін.
Бағынды ел көтерсін,
Тағынды жер көтерсін!

Өсіп-өн қос гүліңмен,
Сүйікті Бағдагүліңмен.
Туған күнің құтты боп,
Басып озсын мал басын,
Ұрпағыңа Ұрпақ жалғассын!





(Үшінші ұлым болсаң да,
Сен мен үшін әрдайым
Баламдайсың алғашқы).
Алғашқы мауқым басқаным,
Аналық махаббатыммен
Мейірленіп, сүйсініп,
Алғашқы менің құшқаным

* * *

(Теперіш көріп тағдырдан,
Қай жақтарда жүрмейін,
Аңсағам сені ерекше).

* * *

Зуылдап жылдар өтті ғой,
Ағысында сол жылдардың
Жамандық та кетті ғой.
Тәңірім иіп, жас құрғап,
Арманға қол жетті ғой.

4

Таусылған ба? Арман шіркінің?!
Аз таттым дәмін шаттықтың,
Сондай-ақ ойын-күлкінің.
Өксумен өткен ғұмырдың,
Көрсетпесін енді тәңірім,
Пендем десе есіркеп,
Сұмдығы мен сұнқылын.
Шүкіршілік Аллаға!
Бергеніне тәубе да,
Бөлен сен, балам, сол Алланың
Алғысына, нұрына.

Мен арқау еттім әрқашан,
Атыңды жазар жырыма.
Тілеймін саған бар жақсыны,
Жамандықтан бол қалыс,
Серігің болсын ар, намыс,
Талабың – тау, жоқ талас!

Талғар, 03. 11. 2012 жыл



ТАЛҒАРЫМ МЕНІҢ, ТАЛҒАРЫМ!

Талғарым менің, Талғарым!
Жастығым ізгі қалған жер.
Білуге құштар жігермен,
Маман боп білім алған жер.

Махаббат қызық мол жылдар,
Бесігім болған мекенім.
Есімде қайран сол жылдар,
Ойға алып бәрін өтемін.

Талғарым менің, Талғарым!
Кәусарыңмен таңғы тыныстап,
Аралап таудың аңғарын,
Қайтатын едік гүл ұстап.

Талғарым менің, Талғарым!
Сен жайлы әсем ән өнер,
Сол жігіт Талғар шалдары,
Ал, қыздары бопты әжелер.

Жастық шақ есте, бар бәрі,
Өзгергенмен қала тынысы,
Орнында тауы, заңғары,
Ұрпағы – елдің ырысы.

Салт дәстүрін сақтайтын,
Тұрмасын ұл-қыз жатырқап.
Талғардың әсем көркіне,
Қарасын ел-жұрт таңырқап.

Мінәжат етем ерте-кем,
Замандасқа тілеп қанағат.
Жастығым қалған өрт елес,
Ұл-қызға сөзім аманат.

Талғарым менің, Талғарым!
Өмірім өткен – шындығым,
Бергенім мен алғаным,
Толғантып мені тұр бүгін.





Асқарында алпыстың,
Дер шағында тал-түстің,
Құтты мекен – Талғарым,
Ақ тілегімді арнадым,
Талғарым менің, Талғарым!

Талғар, 23. 08. 2012 жыл

ЖЕЛТОҚСАН – БАҚЫТ БАСТАУЫ

(Желтоқсанның 25 жылдығына)

Қабыл боп тілегі халықтың,
Рухы колдап Қайраттың,
Арулары Сәбира, Ләззаттың,
Көк байрағым желбіреп,
Көктем көңілім елжіреп;
Ширек ғасыр қатқан мұз болып,
Көзімнен жасым мөлдіреп;
Бозқырауланғанда қара шаш,
Самайдағы селдіреп;
Бұлыңғырланғанда от жанар,
Күту мен осы күнді телміре;
Орындалып бір арманым,
Осы күнге жеттім мен!
Табыстым бел жұртыммен,
Ұлдарым Ерлан, Дәукенмен.
Мауқымды басты Саматым,
Айбек, Азамат – қос қанатым,
Эльвирам, Ақмаралым,
Сыңғыры... күлкілерінің,
Дәру болды жүрегіме жаралы.
Дәнекерлері шаттықтың,
Ақзияммен Бағжаным,
Енді мен анамын ең бақытты!

* * *

Желтоқсан – бақыт бастауы!
Ұзағынан болсын осы бақ.
Тілегім осы баршана, дос қауым!



БАЛАПАНЫМ – ҚЫЗЫҒЫМ

(немерем Ақмаралға)

Тәңірінің берген ырзығы,
Тәттілерімнің тәттісі,
Ерланымның қызы ғып.

«Күніне туған әкемнің,
Келмесең, апа, егер де,
Қаламын, – дейсің, – өкпелеп».

– Алыстау ғой ауыл арасы,
(Апаңның бар ма шарасы?)
Ниетіңе жаным садаға,
Тілегіңе құрбан уақытым!

Қабыл алып қолқанды,
Жол тарттым, міне, Талғарға.
Талғарда менің бақытым,
Басымнан тайған бағым да.

Күресерге жетпей дәрменім,
«Желтоқсанмен» қабат кеп,
Жалындаған жас шағымда,
«Көппен бірге адасып»,
Бағынған едім тағдырға!..

Енді бағым сендерсің,
Саматым, Айбек, Азамат,
Элчоным – Эльвира – Зүбәрзат,
Ақмаралым – асыл зат,
Бесеуің бес саусағым.

Шөлім қанбай аңсарым,
Әкелеріңе деген мауқымды,
Сендерді құшып басамын,
Бәрің бір Аллаға аманат!

Текелі қаласы, 03. 11. 2011 жыл



СЕН АРҚЫЛЫ БАСҚАМ ШӨЛДІМЕН

(келінім Бағдагүлге)

Айналайын Бағжаным,
Көгілдіріндей аққудың,
Өзі де, жаны ақ жаным!
Аман өтсін жарың мүшелден,
Жақсылықтың ашылсын,
Алдарыңнан ақ жолы.
Көгершін боп көкте қалқысын,
Қос қалқан – Елчон, Ақмаң;
Дархан көңілің шалқысын,
Өзің жайған боп мол дастархан!
Қайын ағаң саған дән риза,
Қайынбикеңде саған жоқ теңеу.
Көптің тілегі көл деген.
Менде бір анаң, ризамын –
Сен арқылы басқам шөлді мен,
Бағың жансын Бағжаным!
Бабаңның рухы қолдасын,
Сен де бір тұяғы Албанның!
Қабыл боп көптің тілегі,
Тек қызықты жазсын маңдайға,
Алдамшы бес күн жалғанда!

Талғар,

03. 11. 2011 жыл



ТІРЕГІ СЕН БОСАҒАНЫҢ

(келінім Ақзияға)

Тілін тауып қарияның,
Бабын тауып баланың.
Тұтқасы боп жүргеніңнен,
Айналдайын қарағым.

Бір қылығы Айбегімнің
Үндеседі өзіңмен.
Азаматымның ақылды ойын,
Көрем сенің көзіңнен.

Болмысыңа бек жарасқан,
Өзілінде, назыңда.
Еркелеген қылығыңнан,
Көрем көктем, жазымды.

(Қабағыңнан қар жаудырып),
Тұрсаң, жаным, қайтер ем?
Ақзияшым, ақ көңілім,
«Тұңғышымның» бақ құсы.
Саматымдай, Айбегімдей,
Сен де маған тәттісің.

Қосағыңмен қоса ағарып,
Көрмеші еш жамандық.
Тірегі сен босағаның,
Тілеймін бақ пен амандық.

Текелі,
15. 12. 2011 жыл





ШОЛПАН, ТУҒАН КҮНІҢМЕН!

Туған күнің құтты болсын, Шолпаным!
Жақсылыққа толып атсын әр таңың!
Сағынғаннан май ішкендей жүрегім,
Мөлдіретіп ақ қағазға жыр төгіп,
Хат арқылы жан сырымды айтамын.
Шолпанжаным,
Асыл құрбым әрі әріптес – сырласым,
Туған күнің құтты болсын – жетпіс,
сексен – жүз жаса!
Жүрегімнен шыққан әрбір
ақ тілегім болсыншы,
Мойныңа алқа, білезік қолыңа,
құлағыңа жаһұт сырғасы!

10

ШОЛПАНҒА ХАТ

(2-ші)

Бірге татып дәмін-тұзын, бірге жұтып ауасын,
Жиырма бес жыл дәру болған,
жанымның жазып жарасын.
Сағындырды Топарым-ай, барар едім қыс көзі,
Текелім – қар, Арқарлы – көк мұз, тау асып.
Жер жәннаты Жетісудың отырсам да төрінде,
(Топардағы ел-жұртымдай
бола алмайды бірі де).
Көп замандас, жора-жолдас
татымайды бір саған,
Түсінші, құрбым, көңілімді,
шуағын ауыл аңсаған.

Құтты болсын Тәуелсіздіктің де
жиырма жылы межелі!
Келе жатқан Ұлу жылы – ұлылықтың кезеңі!
Не көрсем де көппенмін мен тілеуім –
халкым бақыты,
Қайда жүрмейін қазақ елі – менің туған өз елім!
08. 11. 2011 жыл



МЕЙІРІҢЕ, ӘКЕ, ШӨЛДЕДІМ

Сен жоқ деуге сенбедім,
Мейіріңе, Әке, шөлдедім.
Сұңқылы жүрек тебіrentкен,
Сыңарсыз аққумын көлдегі.

Бөлісер жан жоқ сырымды,
Бозторғай жаным шырылдап,
Қойылмай қойда-ау нүктесі,
Арнаған саған жырымның.

Жетімдер үйінде өтті бал күнің,
Жастығың – құрбаны соғыстың,
Жер бесік ендігі мекенің –
Мерзімде ғасыр тоғысқан!

Атады бозарып құба таң...
Сағынышымды бұлттан асырып,
Жанымды жырман жұбатам,
Қарашығыма бейнең жасырып,
Сағынғаным-ай, Әке!!!

*Текелі – Қаратал,
шілде 2011 жыл*





ӘКЕ, САҒАН ҒҰМЫР БОЙЫ ҚАРЫЗБЫН

Әке, саған ғұмыр бойы қарызбын,
Ертелеу анамның артында қалғаныңда,
Балалық қызғанышпен,
Басқамен жұптастырмай,
(Басымнан сөз асырмай),
Тіршілік кілтінің ұқпай мәнісін,
Бермегенім үшін келісім,
Қателесіппін, Әке, кеш түсіндім.

* * *

Жарым-жарты әкелерді көрсем,
Келінге,
Балаға бір
Мөлтеңдеп жәутеңдеген,
Өзіңді көргендей болып,
Қалады зіл боп еңсем.
Өкініш өзегімді өртеп,
Күй кешем мең-зең.
Өткенде ширек ғасыр,
Сиреген замандастарыңмен,
Жүрмін, әке, бірге мұңдасып.
Кешірім өтінумен болам,
Рухыңмен таңға сырласып,
Кешір, кешіре гөр, Әке?!.

*Талғар қаласы,
23.08.2012 жыл*



БЕЙТАНЫС АПАҒА СЫР

(толғау)

Сағат апа армысыз!
Есенбісіз, бармысыз?!
Өсек-аяң сөзге еріп,
Етпеңіз мені іске алғысыз.
Бірауыз сөзіңіз күзді күн,
Сапарға мені шығарған.
Куә оған ел-жұрт, бір Аллаһ!
«Бауырыңыз» бар болсын!
Қара басының қамы үшін,
Өтірігіне Сізді де «бөктірген»,
Дауасызға бар ма сын?!
«Атадан – алтау жалғансыз,
Сыйласса, қане, туғанмен?!
Қарындас та жат, іні де,
Бір өзі ғана «Бек» жақсы».
Өзгелер болғаны ма іске алғысыз?!
Әке озған өмірден өкпелеп,
Қарындас кеткен кектене!
(Жиырма жылым менің де еш кетті,
Өтірігіне сеніп тектен-тек!)
Жарығы шығар Ермектің?
Сол бала үшін ғұмырымды,
Жұп болған жиырма жыл бойы,
Жаман деу ойға келмепті.
(Қосылғанда көп жұрт таңырқап ед,
Мынау «Қанішерге қалай кезіктің?» деп)...
Қалерге алмай жұрт сөзін,
(Аянға сеніп түске енген),
«Қатерге» басым тігіп ем,
Аттай алмай салт-дәстүрден!
Болуын ол бала қаламаған,
Некелесуден де қашқан жыл бойы.



(Қалауы ойнап-күлу ғана ед!)
Туылғасын да бір Әке болып,
Қолына ұлды ұстамаған.
Шыққанынша қылығы!
Сезсем де ішкі ой-сырын,
Сыртқа шығармап ем былығын!

* * *

Ұл он беске толғанда,
Қолқанаты болғанда,
Бар жұмысын атқарды клубтың.
Молшылықтан талтандап,
«Бауырыңыз» шығарды өнерді,
Ашылды кілті «құлыптың»,
Барлықтан басы айналып,
Әуейі болды қарлармен –
Қалғандай көзі байланып!
Ар-ұятты ысырып,
«Ойнады» бірде қызымен,
Бірде салдақы шешемен!
Шешесін де, қызын да
Уысына жүрді түсіріп,
Көл-көсір ақша күшімен!!!
Ақысы Бүбіхан – жиырма мың!
Отыз мың – үлесі Айгүлдің!
Күллі Топарға күлкі боп,
«Биссимилла» деп айтары сол болды.
Ел аузындағы «ән-жырдың!»
Ақша гой қарларға керегі.
(«Бауырыңыздың» баска жоқ берері)...
«Виаграны» ішіп ап,
Сәттері көп қой «құтырған».
(Бірақ, қашанғы ол дәріні жер еді?!
«Виагра» жетті ақыры түбіне!!!)
Сананы жат ой сарсытты.



Ұмыттырды келер қарттықты,
«Шешесінен» өзі жерінді.
«Қызына» жетпей көп шамасы,
(«Виаграсыз» мүмкін емес қой
Жүйкені қоздырмай жанасу!?!)
Жанұядан кетті тыныштық.
Балаға – сылтау оқуы,
Бездірді үйде бала анасын!
Жала жауып.., «Жаны ашып»!..
Диагноз қойып өзінше.
Ал, мен сырқаттандым жүректен!
Ауруханада өтті көп күнім.
Бірде Алматы, бірде Бақанас
«Бауырыңыздың» «сал-серілігінен»
Қайырымсыздығынан, әрі мазасыз,
Кетпеді көзімнен ыстық жас!
Ал, ол болса ойнасқа мас!
Жарылқамақ болды «ауру» деп,
Ғұмырлыққа жасап пенсия,
Ойлап тауып дертті «Шизофрения».
Шындығым дертім еді ИШЕМИЯ
Дәлелденген ол көп құжатпен!
Өтетін кезде ВТЭК-тен
Ақшамен арбап біреулерді.
Жолыма болды көлденең
Сондағы ойы зәлімдік
«Сұлу да жас алу қатын!»
Сендірді бұған тек өзін!
Байлады енді қызыл ақшамен,
Бейкүнә бала – Ермек көзін.
Ал, Апа, бұған не дейсіз?
Күлерсіз, бәлкім жыларсыз?
Білмегеніңіз көп, білгеннен!
Бауырыңыз сіздің имансыз!
Екі жүзді сұрқия! Құдайсыз!

* * *

Балалы үйде «ұрлық» жатқан ба?
«Мама» деген ед ұлым бір күні –
(қаңтары еді ол «екі мың алтының!»)
«...Сенің құның отыз-ақмың!!!
Папам саған дайындауда,
Зейнетақы мәңгілік.
....Біреулермен келісті...
Ақша тындыратын болды бар істі!
Сен енді қала-қалама,
Отырасың үйде пәңгі боп!
«Шизофренияға» келіскін,
Әйтпесе күнін қараңғы.
Батырасың қараңды,
Айырыласың балаңнан,
Үйсіз-жайсыз өтесің,
Қаңғырып мынау далада!
Папамды сен білмейсің!
Ол ең күшті,
Ең бай адам!
Сатып алады бәрін де!
Дәрігер, соттың кәрін де!
Сондықтан, мама, айтарым:
«Ишемияңды» ал қайтарып.
Бәрібір жеңіс әкемде.
Жұмыссыз, ақшасыз сен кімсің?!
Ақша билеген мынау заманда.
Керексіз боп ешкімге,
Ақымақ боп босқа қаласың!
Көңіл қой сөзіме, анашым:
Мен оқуымды бітейін
Азамат боп ер жетейін!
(Қазір жоқ қой күшім, не ақшам...)
Қайтарамын түбінде,
Өтеуін ана сүтіңнің!

Қараласа да сені қанша әкем,
Мен анаммен ғана бүтінмін,
(Әкем де болсын бар аман)...
Бекер сонда бөгедің жолымды!
Не өлтіріп, не өлейін дегенде,
Айгүл қаншықтың қолында!
«Драконды» әкем ішкенде,
«Ескертуіме» сен және ұрыстың...
(Сен, Мама, тым сенгішсің, дұрысы!)
Көресің!
Келер күндердің бір күні,
Әкемнің басын жеп тынады,
«Драконның дүмпуі»...
(Оргазмы жиырма бес жастың.
Елу алтыдағы еркекке,
Елестетші көзіңе,
Күлкілі емес пе, күлкілі?!.)

* * *

Жамандыққа жамандық –
Әркімнің келер қолынан,
Мен бір Аллаға тапсырдым.
келмейді жолына тор құрғым.
Жамандыққа жақсылық –
Имандылық белгісі.
Кешірімділік мәнісін,
Түсінер тек ЕР кісі
(Әйелде болса белгісі)
Сөгіпті Ана, Сізді «саттың» деп,
Бауырдан артық таптың деп,
Ағармайды деп мені еш
Жуылмайтын күйе жақтым деп.
Сөзін сөйлемей «ауру» қатынның,
«Бауыр» керек болса, Әпкетай,
Тып-тыныш қана жатқын» деп!

Тыныштық деген жақсы ғой,
Анадай, сізге жоқ өкпе.
Телефонда күзде ренжітсем,
Намысыма тиді сөз, қайтейін,
Кеште болса кешірім ет,
Бейтанысыңды бос сөкпе.
Төбемде көк тәңірім,
Жеті қат жерде табаным,
Мейлі өтсін азаппен талай күн,
Мен асыққанмен пенде боп,
Таразылайтын халық бар,
Халық бір аты Алланың.
Алладан келгенде Әмірлі үн
Сұркия түбі жеңілер,
Ақиқат туы желбірет!
Сізге мен тілеймін амандық,
Сол күнге жеткіз деп Алладан.
Тілеймін және Денсаулық!
Пейіліне береді дейді әркімнің,
Ниетіне және ақ –
Аққа әрдайым Алла жақ!
Жалғыз емеспін – Елменмін!
Жетісу халқым жұртым деп,
Аруағына сиынып бабалар,
Рухтарына сеніп, паналап,
Қарайламай дүние-мүлікке,
Үстімдегі барыммен,
Тастүлек болып келгенмін!
Албан деген елденмін!
Райымбектей батыр бабаның,
Мұқағалидай ақиық ағаның,
Жүрегімде рухы бар.
Дария қарттан тәлімім –
Қалтырамастан «бауырыңыз» аяғы
Суреттерін өртеп, таптаған,
Қызымын Қайша, Сәлімнің.

Ардагерлері ұлы Отанның,
Мүгедектері Сұм соғыстың.
Адалдықтан аттатпай,
Тәрбиелеген ұл-қызын,
Мен сегізінің бірі едім.
Затым әйел болса да,
Ерлерге тән мінезбен,
Өз ортамда ірі едім.
Жүрегі нәзік, пейілі ақ,
Ақынжанды қыздың бірі едім.
Сайқалдың өзін зор санап,
(Ал, анасын қор санап),
Нілдей көңілін қалдырған,
Ұлыма мен не дейін?!
(Оған да туар бір зауал).
Енесі тепкен құлынның,
Еті болар ауырмас.
(Қын түбінде қашанғы
Жатар дейсіз ақ алмас?!)
Тегіне тартса Ұл болар.
Баба тегіне тартпаса,
Әзәзілге құл болар.
Мен кінәламан Ұлымды,
Ақылдан ол кенде емес.
Жүрегінің түбінде,
Келмей жатып өмірге,
Ұялаған қорқыныш –
«Ақша ғана би» деген –
Үрейден туған бір елес!
Ақша бары жақсы ғой,
Ақшасыз, рас, пендесің.
Ақшаң көп болса қалтаңда,
Ақыл, санаң сөз емес.
Сезінесің өзінді, жоқтайын ешбір теңдесің
Бірақ, Ана, бұл қате ұғым!
Қай заманда болмасын,



Ақшаның құлдары ұрынған,
Үлкен-үлкен дауларға
Өмірлерін құрбан ғып,
Шақшадай басты шара етіп,
Тасқа да ұрған тауға да.
Ақшаның буы деймін мен,
«Бауырыңызды» мас еткен.
Адалдықпен қас еткен,
Кезегі дүние рас болса.
Көрермін мен бұл төреңнің,
Көкірегін бір күн басылған.
Нәсібін жиғанын шашылған,
Жас қатында жоқ, кәртамсы,
Әшкереленгенін көптің алдында!
Табалаудан аулақпын.
Қандай да ол болмасын –
Әкесі ғой Ұлымның.
Жиырма жылға «ит» жолдасым!
Өш те емеспін, қас та емен.
(Жауласатын жас та емен),
Тәубе деген пендемін,
Қанағатшыл барымен.
Бар болсын «жаман бауырың».
Тілегімді берсе тәңірім,
Менің де болар дегенім,
Дүрілдер бір күн дәуірім.
Ермегім болсын дін аман.
Заманда мынау құбылған,
Тілеймін мен ұлыма –
Бармақтай бақ Алладан!
Төге гөр деп мейірім,
Тарылтпа деп пейілін,
Иман бер деп және қанағат,
Жақсылардан шапағат,
Бір өзін, тәңірім, оңда деп,
Бабалар рухы, қолда деп!



* * *

Анатай, болғай Сіз де аман!
Кезігерміз бір күн, бір заман!
Ниетім ақ сізге, пейілім,
Шамам жетсе берер ем,
Жүрегімнен бөліп мейірім.
Кім дейсіз мені – Еркіңіз,
Енді азы қалғанда өмірдің,
Суыспағаны жөн ғой көңілдің.
Әкесіне Ұлдың не дейін?
Әкесі «Ит» бар болсын.
(Мехнатты көрер алдында),
Тар жол, тайғақ кешуде,
Салмақтан белі үзілмей,
Атаңдай мықты, нар болсын!
Тәубеге Аллама келтірсін!
Арамызды ашып адастырған,
Арбаған жын-шайтанды,
Тәңірім өзі өлтірсін!!!
Жан Апа!
Алдамшы бес күн жалғанда,
Кім жеткен дейсіз арманға?!
Байлығым менің ел-жұртым,
Менің малым – білімім,
Арымның садақасы – жаным,
Білегім күші – қаламым –
Осыларым барында –
Мен өз биігімде қаламын!
Алдыма қойғам зор мақсат:
Қайсы бір жаста жоқ жігермен,
Алпысқа жасым келсе де,
Отыз, қырық, елуімде,
Асуларымды аса алмаған,
Бұйырса Аллама аламын!
Мінезім Өр-Алдаспан,
Қарағаймын – қайыспан!



«Бауырыңыз» «алжасты» екен деп,
Мен өз жөнімнен адаспан.
Куә етпен бұл сөзіме ешкімді,
Төбемде Аллам, көк аспан,
Берсін тек сол Аллам ғұмырын.
Мен сенемін, Ана, сенемін:
Ныкталады тұғырым!
Әлі-ақ гүл жайнайды өмірім!
Ақылға жеңдіріп ақырын,
Ермегім бір күн Жарықта,
Құлындай даусы шарықтап,
Маматайымдап келеді!
Қалса да «бауырыңызға» көңілім –
Ниетім таза,
Таза арым!
Айтарымды, анажан,
Сырғып қағазға жазамын!
Ал, «бауырыңызға» тілегім –
(Ең үлкені жазаның!)
Жалғыз қалып тазару –
Ең үлкені сол жазаның!

Текелі, 11. XI. 2011 жыл

Эпилог орнына

Апа, назам болды ма басымда-ау,
Әлде тез жетті Үкім Алладан?
Қиылды «бауырың» ғұмыры,
Келер-келместен тәубаға,
Пайғамбардың жасында.

Қаңтарда естідім қазаны,
Бір тәңірге жаны аманат.
Тағдырдың сол болар жазғаны,
Артының берсін қайырын,
...Өткенге, делік, салауат.

Талғар, 09. 01. 2013 жыл



Эпилог

Орнында бар оңалар!
Апалар, өкіл ағалар.
Топардай ғанибет жерімде.
Әмзе, «інім», Асылқандарым,
Қуатжан, Сабыр асыл жандарым.
Сексен жетіде туылған,
Ұл-қыздарым, кіндік балалар;
Амантай апам, Иканым,
Битайым, бауырым Башаным,
Жаку, Жанар, Айзадам,
Гүлшат, Күнай, Санколар,
«Пико» атанған Ермегім;
Ақылды келін, Ақбөкен,
Бақытжан, Нұрлан, Мишкалар,
Салт-дәстүрін аулымның,
Жалғастырып жүрген ұсталар.
Осындай жандар барында,
Ермегім көрмес жетімдік!
Жалғыздық ауылы тыс қалар,
Жас шыбығы ысты елінің,
Кіндік қаны тамған жерінің,
Топарына, алтын қазығына,
Жалғастырып ісін жақсылар,
Бір азаматы боп байланар.
Жатсам-тұрсам арманым,
Күндіз де, түнде ойланар,
Ақтар деп ұлым үмітім.

«Жаңылмас жақ жоқ,
Сүрінбес тұяқ,
Болса да айтуға ұят,
Балалығын ұлдың кешіргем.
Тапсырғам бәрін бір Аллаға.



Жалаға сеніп жүрген жазғырып,
Анасының ұқпай зар-мұңын.

Уақыт қой төре бәріне,
Жас өскінге де, кәріге.
Екі мүшелден өтті аман,
Ермегім төзді бәріне.
Ашылса екен енді жолы,
Қолы жетіп аңсаған,
Арманына бәріне.
Енді соны тілеймін Алладан.

Апа! Иманды болсын «бауырың»,
(Бір туғаннан да тәуірің).
Жаннатта жақсы күй кешіп,
Жалғастырсын сонда «дәуірің».
(Жұмақ болып орны төрінің)
Ал біз, пенделер пендеміз,
Тіршілігіміз жалғасқан,
«Жер» планетасындамыз –
Елдеміз.
Ендеше, болсын ел аман,
Қарапайым жұрт тыныш!
Аман болсын ел басқарған,
Алдыңғы буын ағалар.
Нұрқаш «өкіл қайын ағам»,
Рекеңнің құрдасы
Баласы атам Құлмақан.
Бәріне басымды иемін:
Алғысымды айтып дәм-тұзына,
Димаш атам жұртына киелі.

* * *

Ширек ғасыр бұрын жұбатқан,
Көзімнің жасын құрғатқан,



Мың алғыс ысты еліне!
Қанатымды қатайтып,
Тұғырыма қондырған!
Жанымды емдеген мейірімен,
Топарға мен мәңгі келінмін.
«Өкіл» емес енді өзімін,
Игі жақсылардың көзімін!
Ақтық демім біткенше,
Үзілмейінше темір төзімім,
Топарым, Өзің деп өтемін,
Тілегім де жоқ одан бөтен!
Қабыл етсе Алла тілегім –
Ақталар бар үміттім.
Орындаларына бар арманның,
Күманным жоқ, білемін!
Жаратқан ием жар болсын!
Елім-жұртым топарлық,
Әрқашан аман бар болсын!
Риза боп аруағы Рекеннің,
Бәрімізді қорғап рухымен,
Ботасы Ермек нар болсын!
Бабаларындай Балпық, Райымбек!
Рухы асқақ, мәртебесі зор,
Мөлдірлігі Іледей,
Сүт бетіндегі болып кілегей,
Бір азаматы боп елінің,
Алғысына халық бөленсін!
Топар елі оның өз жұрты –
Өз жұртын өзі өгейсімей,
Тас болып түскен жеріне,
Өзге емес өз салмағымен,
Аулының айналсын, байланып
Алтын құмына!



«ӘКЕҚЫЗ» ДЕГЕН ӘПКЕМІЗ

(әкем Сәлімнің жалғыз қарындасы

Алмахан әпкеміз бен жездеміз Халық ағаға)

Алмахан деген әпкеміз!
Қадірлеп өткен «Жалғыз» деп,
Атам Төлебай, Рәзия әжеміз
Жанама аты бұ әпкенің
Баяғыда еді «Әкеқыз»...

Сексенге жасы келгенде,
Иба, ізетінен жаңылмаған,
Мәнгі «Жас күйеуі» Әулеттің,
Тақиялы періште боп отырған,

Сабырбаев Халық – жездеміз.
Жезделер көп желөкпе!
Балдыздарға «батыл» боп
Елікпеске еліккен.

26

Ал, біздің Халық жездеміз –
Іспетті туған әкеміз.
Ағамыздың сексен жыл бойғы
Бары осы – тұрған тұрысы.

Артық бір сөзі жоқ кісі,
Әпкеміздің ырысы.
...Бәз баяғы заманда,
Жұрт тыныш, ел аманда,
Құлағында ол ойнайтын,
Тұлпары – көк трактордың,
Талай қызық болған-ды,
Моторы тұратын ұзақ түн.

Тыртылдаудан жалықпай,
Балалар жас. (Жездем мас)



Тілін таппай көк тұлпардың,
Әпкеміз жүрер-ді күрке тауықтай.
«Тыртылға» «Күркүл»... қосылып...
Естігенде мәз, көргенде.

Көршілері-ай сол заманның!
Айтындаршы қандай-ды?
Пай-пай-пай?!
Қыңк демейтін бірісі!
Жүретін-ді риза, күлісіп
«Ну, даешь ты, сосед – Халық» – деп,
«Всю ночь спал, как балык» – деп,
Ай маңдайы жарқырап,
Ғафу өтінер-ді жездеміз аксия,
Көршілерінен, әрине,
«Алмахан» десе тік тұрар-ды
Қайын жұрт,
Төркін,
Көршілер,
(Күні бүгінге дейін, күллі Сабырбай Әулеті!)
Ашуы әпкеміз «Жаман-ды»...

* * *

...«Луч востока» колхозы
Жездемізсіз калар-ды «Тұралап»
Әпкеміз ашқанша ұйқысын,
Көк тұлпардың құлағын,
Жездеміз лезде бұрап ап,
Тартатын-ды егіс-жолға.
Ех! Қандай еді, шіркін, сол уақыт!
Көңіл-шат, ден-сау, сол – Бақыт!
Колхоздың сол боз қасқасы,
Алтындай біздің жездеміз,
Енді бүгін көрсеңіз,
«Тростикпен» жүр достасып!
Сексен жас деген оңай ма?!



«Главнокомандующий» Әпкеміз,
Анамыз болған «Әкеқыз»;
«Сәлімнің көздері аман болсын» деп,
Алладан тілеп бағымызды,
«Жаман шалын» тастамай сүйрелеп,
Алыстан кеп отыр ортамызға,
Жайылған алақандар Алла деп,
Жақсы тілек пен бата тілеп,

* * *

Ұмытылған аты «Әкеқыз»
Үлкен Апа бүгінде Әпкеміз.
Келген жасы сексенге –
Өкпесі жоқ өткенге.

«Тәубе» деген асыл жан,
Жүзге жетсін жасыңыз!
Кәрілікке мойымай,
Жездемізбен тең жүріп,
Асулардан бірге асыңыз!
Аман болсын, Әпке, басыңыз!

Талғар, 23.09.2012 жыл

САҒЫНАМ КӨРІП ТҮСІМДЕ

(абысыным Күләй тәтеге)

Абысын едік тату-тәтті, асы көп,
Енемнен еш кем көрмеген асылым ең.
Отыз жылдай алшақтаса да арамыз,
Жаным, тәте, алдында сенің бас ием.

Аман жүрші «Сұлусарым» үшін де,
Аман жүрші «қаһарлы аға» үшін де.
Сағынады сені әрқашан жүрегім,
Өнімде емес, көріп әркез түсімде.

Талғар қаласы, 20. 10. 2012 жыл



«ҚАРАТАЛҒА» ЖЫР ШАШУ

Қабыл боп көптің тілегі,
«Қаратал» іске қосылсын!
Ада болып тіл-көзден,
Дауа іздегендер легі,
Шекарадан да өтіп жосылсын!
Бір Алла әрдайым жар болсын!
Табиғатымыз тартпасын «тосын сый»
Жетеудің бірі Қаратал,
Жасарып ару қыздайын,
Шипалы ауа, сұлу көркімен,
Жәннаттай Жетісуымның
Абыройын асырсын!
Тәмам боп («Жырығасырдың» –
Таусылып күні «Масылдың»),
Нәсібіне ел-жұрттың,
«Қараталымыз» ашылсын!
Көзайым болар халықтан,
Алғыстан шашу шашылсын!
(Мықты болса уығы –
Шаңырақ тұрар биікте,
Босаға болар берік-ті)
Береке түбі – бірлікте!
Сақтасын тәңірім әрдайым,
Тіл-көз, сөзден көлденең,
Риза болсын көпшілік,
Демалысқа шөлдеген.
Жетісу жер Жәннаты –
Арманда дер ем көрмеген.
Көркемнің бірі «Қаратал» –
Қарасаң көз тоятын,
Келіп көрсін ел көрмеген,
Шартарапқа жетсін дүбірі!
Қайырын берсін қуаныш түбінің,
Аң-құсы – ас, балығы – талғау,
нәр болған суы,



Майсасы – жайлау,
Жұртына корған болған нуы,
Бастауын «Текелі», «Шажа»,
«Қорадан» алған
Даңқты Қаратал осы
Қасиетімен тарихта аты қалған.

* * *

Бас иесі Әулеттің –
Қадіржандай ағадүр.
Қосағы Гүлданасымен,
Аққудайын жарасқан.
Гүл апа – ару ана бір.
Ата ісін жалғастырамыз деп
Бағдат, Арафат – бала жүр;
Сәмбі талдай сәні бар,

Аруана – қызы әулеттің,
Жұпар шашқан гүлі бір;
Шөпшектері Жексен бабаның,
Сендерге риза ел-жұртың.

Алладан жаусын рахым, нұр!
«Ерен» десе ел елендер.
Ғайыптан қашан келер деп,
Кәрі-жас қарар жолына,

(Не салар деп қолыма).
«Қараталдың» жалбызы,
Білмейтін еш шаршауды,
Әкесі ұл-қыз алтаудың,
Шарайнасы баршаның,
Земфираның жұлдызы,
Бабасының ең құндысы.

* * *

Жаны жайсаң Есеннің
Оған да артады ел сенім.



Әулеттің ол тәуірі,
Барында Кейуана-Әулие,
Сый-құрметке Сол ие!
Кәмшаттайы екеуі,
Күллі Әулетке үлгі боп,
Жүр ғой беріп тәрбие
Ұзағынан болсын бәрі де!

* * *

Енді бір тілек айтайын,
Егесіне әулеттің,
Қалаулысына ел-жұрттың,
Қадіржандай ағаға:
Тілегі көптің қабыл боп,
Таси берсін дәулетің.
«Қараталдан» болсын нәсібі,
Жексен бабадан тараған
Ұл-қыздың күллі Әулеттің!
Шайқалмасын шаңырақ.
Мықты болсын «Уықтар»:

Ұлтай, Света, Аида,
Жеңіс пен паң Закира,
Еркін, Ерік, Ерлан мен
Ғалия, Бағдат, Ғалымзат.

Ұлтуған мен Айгерім,
Эльвира мен Дукенің,
Жұдырықтай жұмылған,
Еңбектеріңе іске сәт!

Ырыс алды – ынтымақ.
«Қараталдай» шипажай,
Баршаға болсын төр жұмақ.
Есен-сау боп егесі,
Иесі болсын бақ пен данқ!

*Текелі – Қаратал,
қыркүйек – қазан, 2011 жыл*



ЖАНЫҢНЫҢ БІР БӨЛШЕГІНЕ АЙНАЛЫП...

Неге ғана сездірдің сен сырынды?!
(Өзіңе де, енді міне тыным жоқ).
Тәңіріме жалбарынам сақта деп,
Байланғаннан жүрекке жүрек бір тін боп.
Жаныңның бір бөлшегіне айналып,
(Жүрсең-дағы қазығыңа байланып).
Елемеген болайыншы десем де,
Мазалайды көзіндегі нұр беймәлім...
Тал-жүректен төгіледі сары алтын,
Жапырақ – жүрек іспетті жатқан сыр бүгін.
(Күдірет-ай, жанымды нәзік жаратып,
Көтерткізген нардайын тағдырдың жүгін!)
Нардың жүгін көтеріп келемін мен,
(Сан мәрте сүріндім де)
Дәрияда толқындар жағаға атты,
(Қайырылды кемем бірде)
Құламай қайта ұмтылдым биіктерге
(Үміт үзбей Тәңірімнің берерінен).

* * *

Бәлкім өтер көп күн уақыт – ай талай,
Жүрек сырын жасырғанмен айта алмай,
Нұрлы жанар тұңғыықтан мөлдіреп,
Үнсіз айтып тұр ғой бір сөзді қайталай...

...Айналып жаныңның бір бөлшегіне,
Симай кетем уақыт мөлшеріне.
Шектелем, тәңіріме тәубе деумен,
Жылдарымды көрем де еңсерілген.

*Текелі қаласы,
11. 09. 2011 жыл*

ЖАҢЫЛМАҒАН ПІКІРІНЕН, ІСІНЕН

(кіші енем Күлімхан тәтеме)

Қырық бір жаңылмаған не пікір,
не ісінен,
Айнымаған дос болудан,
сыйласқан бір кісідей.
Қырық жыл бұрын босағаңа,
Ақ таңында сәуірдің
«Кіші үй» деп, «кіші» ене,
келініңіз боп түсіп ем.
Өзгермеді не дүние,
Өткермедік не бастан?
Ширек ғасырдай өткен өмір,
Өксіменен өзіңізсіз,
Парақтары паршаланған,
Оқылусыз қалған жыр-дастан.
Саулығыңызды тілеп жүрдім,
Топарда, Жетісуда да,
Талдықорған, Текеліде,
«Қараталда» да тынбастан.
Талғарыма қайта оралдым –
...Сіз бар жерде орным төр!

Талғар,
20. 10. 2012 жыл



ДОС БОЛЫП ҚАНА ҚАЛАЙЫҚ

Дос болып қана қалайық,
Шын дос болу бір бақыт,
Қиналмаңыз жол іздеп,
Достықтың кілті қолда тұр.

Замандас дедің бірде сен,
Сүйсінтті, бәлкім, бір ісім.
Үйіріліп жүрдің сәт сайын,
Риза болып ісіме, қол қысып.
Бөгде ой жоқ көңілде,
Есіл-дертім жұмыс боп,
Бір тынбаймын – күн ыстық...
Ойда-жоқта састырдың.
Селт етпедім болып тас түйін.
Елемедім, мән бермедім,
(Жүрегім менің тас-тұғын!)
Еркекке бәрі жарасқан,
Рас. Тәуелді пендемін,
Жоқтығы – Мекен – мін мендегі.
Жақсы көру бір бақыт!
Сол сезім жасқа қаратпас.
(Іңкәрлік жөні бір басқа –
Сіз бенен Бізге ол жараспас!)
Сіз бенен бізге жарасар:
Сыйласу, пікір алысу.
Артық-кемді бөлісу –
Азамат деп мені білсеңіз!?!

* * *

Ауыр күндер қалды артта,
Қол созым жер – жақсы күн.
«Жаманға мың күн қор болғанша,
Аяғында жат бір күн жақсының» –
– Ұлылардан қалған сөз,

(Әркімге-ақ болсын кез –
...«Әйелден пәле» – бекер сөз!)

* * *

Қаламмен айту ақынға –
Жарасар да, лайықты!
Ниетім – адал дос болу,
Кінәла, мейлі айыпта.
Достықтың жолы қиын жол,
Тілегім құны қымбат па?
Өтеуі, әлде айып па?
Қалайықшы дос болып?!

«Жас» емес деуім қиянат,
(Қарттықтың жөні бір басқа)
Айырбастамас Сізді мың жасқа,
Қадірлеп өтеді «Замандас».

* * *

«Өзіме оданы» оқырсыз,
Оқырсыз «Егіз Өнерді!...»
«Сырласыңыз жан доспен» –
Бәрін де менің тағдырым –
Ұзақ жылдар бойына кешкен.
Ниетіңіз болса дос санар,
Сыр-мұңымды ұғарсыз,
Күлерсіз, бәлкім жыларсыз?
(Біреу үшін жылар кім –
Айнымас достар болмаса!?!)
...Көзімнің жасы суалған,
Тілемен мұны ешкімге.
Ағын суда да сұрау бар –
Жақсылығыңыз бір қайтар –
Қарыздармын мен сізге,
Себебі, мен де бір пенде –
Қалайықшы дос болып.

*Текелі қаласы,
02. 10. 2011 жыл*



ҰМЫТТЫРА АЛСАҢ...
(Сезім пернелері циклынан)

Жаралы жүрегім, өзгеге жұмбақпын,
Сезімім қастерлі, мұңымда қымбат мұң.
Ұмытсам деп едім, тілдеспей Өзіңмен,
Сертімді бұздың ғой, үн қатып, қымбаттым.
Не дауа жаныма, шипасы, қайда емі?
(Тәңірім мұншама, қинамаса не етеді?)
Сағым боп алыстан арбаған бір арман
Мендейін сағынған үніңмен жетеді...

* * *

Жүректің отын лаулатып,
Жақтың-дағы өшірдің
Енді мен кімін? Түсінбедім,
Мәжнүні жоқ Ләйлімін?

36

Шошынамын түсімнен:
Теңізінде жүрем қайғының.
Жалғыз емес. Өзіңмен...
Кезіктің, неге кезіктің?
Қиялымдағы «Жақсы адам»?

* * *

Мылқаудайын өтсем деп ем жалғаннан,
Үнсіз арнап қалған ғұмырды өзіңе.
«Сәби сезімді құндағында, тыншытып»
Сен көрінбесең, мен түспесем көзіңе?!

Көрмей-ақ қой түпсіз терең мұңымды,
Жұбатпа да, жылай берсін жүрегім.
Қайыр жоқ қой, білгеннен «нақ шынымды»,
Қала берсін жұмбақ болып, тілегім.

* * *

Өксумен өткен ғұмырым,
Нала мен мұңға толып тұр,
Ұмыттыра алсаң, ұмыттыр.
Шуақты күндей төксең нұр,
Құлпырайын гүлдей жарып бүр.
Сәбидейін шаттансын,
Дәрия көңілім шалқып бір –
Өткенімді, жаным, ұмыттыр!

ОРТАСЫНДА МЫҢ КІСІНІҢ

Гүлге толып құшағым,
Тұрғаныммен қуанып,
Ортасында мың кісінің,
Мен қашанда жалғызбын...

Бәрі де бар. Баршылық.
Жора-жолдас, бар достар,
Өр мінезден – алдаспан,
Кең жерде көрем таршылық.

*Талдықорған, ақпан 2010 жыл
Текелі – Қаратал, шілде 2011 жыл*





ОЙЛАНУ НЕМЕСЕ ӨЗІМЕ ОДА

*«Ояна алмай жүрмін мен, ояна алмай,
Оянып кетсем өртке оралардай».*

Нүсіп ақыннан

Көнбістің күнін кешіппін,
(Бұған кінәлі емес тегі ешкім).
Кінәлі бір өзім. Тек өзім,
Өзімнің мінезім:
Иілмеуді ар санаған,
(Өзгелерді зор санаған).
Ақиқат бір күн жеңер деп,
Күтуден шаршамаған.

Жетсем дегеніме жете алмаппын,
Алсам дегенімді ала алмаппын,
Аулақ жүрер жерден кете алмаппын,
Жақын жүрер жерге бара алмаппын.

«Маңдайдағы осы жазуым» деп,
Тағдырға үнсіз бой ұсыныппын.
Айларды жылдарға ұзатыппын,
Еңсемді түсіріппін.

Сол, сол, сол, тек сол деп,
Соның ғана болғанын қалап,
Өзімді жай бір көптің біріне балап,
Сол күлсе күліп, сол жыласа жылап.
«Әйелмін ғой!..» деп,

Барлығына көз жұмып шыдап,
Соның жолына бәрін де құрбан ғып,
Жалынымды өзім өшіріппін –
Оны өсіріппін!




Тек соның дегені болып,
Миғұла – көнбістің күнін кешіппін.
Отыз, қырық, елуді оздырыппын,
Жүйкені текке тоздырыппын.

...Бәрі де Тәңірінің қалауы ғой:
Алпыстың асқарында,
Кенеттен, (қас-қағымда!)
«Шажанын» мөлдіріндей,
Жыр-Муза жүректі тербеп,
Буырқанған Қараталдай,
Бұла күш бойды кернеп;
Шабыттың желкені түріліп,
Тәуекел кемесіне міндім.
Жаныдым намысымды,
Сілкідім ой-санамды,
Қоштастым өткеніммен,
Ояндым жанартаудай,
Көктемдей дүр сілкіндім –
Ояндым, Өзімді тірілттім –
Тіршілік мәнін ұқтым –
...Бәрі де бір Алланың қалауымен.

18. 11. 2011 жыл

Текелі – 23. 08. 2012 жыл

Талғар қалалары



КӨЗІМДЕ ҚАЛДЫ КӨЗДЕРІҢ

Неге ғана бұздың сана қамалын?
Жүрмін енді мұңға қамалып.
Ауылы алыс жастықтың,
Амалым қанша, амалым?...

Кетпейді көзің көзімнен,
Түндерім аз көз ілген.
Бұл не өзі – сүю ме,
Ғашықтық па, түсінбеген?...

Көзімде қалды көздерің,
Билеп алдың еркімді.
Апыр-ау, қалай жасырам,
Жүрегімдегі дертімді?

Қайтіп сені ұмытам,
Амалы бар ма, тәсілі?
Атпайды-ай құба таң,
Ұнатып қалдым ба расымен?

Кездестірмегенім жақсы еді,
Еске сап шақты бал-шырын.
Қиялымдағы боп жақсы адам,
Қалғаның жөн еді, хақ шыным!



МЕНИҢ БІР КӨРШІМ БАР

(Ләйлә көршіме)

Шуақты күлкісі езуінде тұратын,
Өзгенің сыр-мұңын өзінікіндей ұғатын.
Менің бір көршім бар, асыл жан, ардақты,
Лайықты болмысы қандай да мадаққа.

Көктемдей шалқысын ақжарма көңілің,
Дәулет пен бақытқа кенелсін өмірің.
Ләйләжан, әрдайым жүргейсің гүл жайнап,
Сөнбесін жалының, үмітің, сенімің.

Жаныңа сыйласын жылуын күн көктен,
Баршасын жақсының наурыз-гүл көктем.
Мыңдаған шәкірттің аяулы ұстазы,
Ғұмырың жалғассын әрдайым сол көппен.

07. 03. 2013 жыл **41**

«САРБАЗДАР» МЕРЕКЕСІ КҮНІНЕ АРНАУДЫҢ ЖАЛҒАСЫ

*(Талдықорғандағы медколледждегі
әріптестеріме – ер азаматтарға)
(әзілдер)*

1. Азатқа:

Талшыбықтай және бар бір жан – Азатым,
Заманауи техника тілін түп-тамырынан қазатын.
Шақша бастың іші толған ақыл, білім,
Медколледж қатарласынан
ешкім жоқ оған тең келер.
Еш жан жоқ яки озатын.





2. Маратқа:

Қыздың да тілін табатын,
Ұлдың да тілін табатын.
Той-томалақ бар жерге
«Сауыт-сайманын» арқалап,
Елден бұран баратын.
Өзі әнші, өзі сән,
Ортамыздағы серіміз
Незаменимый Маратжан!

3. Васяға:

Василий деген бар құрдас,
Күллі колледж сыйлайтын.
(Шал-шауқан) деуге кимайтын,
Мағлұматын бас корпустың,
«Компьютер» басына жинайтын.

4. Саняға:

Эх! Саня, Саня, Саша!
«Күйеу балашка» ты наша.
Мінезің-ай тамаша,
Енешқаң Роза әспеттейді
Туғанынанда бетер балаша!

5. Дарханға:

Жадыраның тандап сүйген жан-жары,
(Колледждегі қыз-қырқынның арманы),
Ықыласыңнан болмас еді-ау үміткер,
Егер де Сен болмағанда жігіт тарланы.

Әйел – сайтан! Қалмағайсың арбалып,
Ұмытылып отбасың, қызың, жар қалып.
Десекдағы «Өнерлінің өрісі кен» –
Сенерің де, сүйенерің де болсын – Нар халық!



ЖАҚСЫ ҰСТАЗҒА ҚАШАНДА БІЗ ЗӘРУМІЗ

(*ұстазым Қуаныш Майқұтоваға*)

Қырық бес жыл Ұстазсыз Сіз сүйікті!
Анамыздайсыз ақ сүт берген киелі.
Еркелеймін лағындай киіктің,
Ұстазым-Анам! Алдында басымды иемін.

Бала күнімде еркелегем алдында,
Ақ бантикті тұлымшағым желбіреп,
Аттестат қолда. Қоштасқанда мектеппен,
Ұлы көшке қостың жан-жүрегің елжіреп.

Қарлығашың боп алғашқы ұшқан мен едім,
Көп шәкірттің ішіндегі елеулі.
Қайда жүрсем Әспеттеумен келемін,
Қайда жүрсем Сенімің мені демеді.

Жүрегімдегі жакқан отың әлі қуатты,
Мейірімің – күн сәулесі шуақты.
Тарау-тарау жолдарында тағдырдың,
Сан сүріндім... Аяладың, Жұбаттың.

Өрге озсам, қуандың жас баладай,
«Шәкіртім» деп сүйіншілеп, «Алғашқы».
Ниетің ақ. Пейілің – дархан даладай,
Ұстазым менің! Қуаныштарың жалғассын!

Көрсетпеші көз жасыңды, күл, жайна!
Жалғыз емессің, әр шәкіртің – бір балаң!
Тірлігінді тілеп жүрем, бол қайда
Жақсы ұстазға мәңгі зәру бұлғалам!

Қандай құрмет көрсетсем де Лайық!
Мәңгі жас боп жүрші, Ұстазым, лайым.
Шәкіртіңмін. Кеп қалдым мен де алпысқа,
Сен жет жүзге! Қуат берсін Құдайым!

Талғар – Қаракемер, 30. 10. 2012 жыл



ПЕНДЕНІ ШАЙТАН АЗҒЫРАР

Пендешілік,
Шайтан азғырар,
Азаматты – серіні!
Көрмесе зорлық, зомбылық
Әйел ерінен жери ме?!
...Ешкімге де кінә артпан!
Жаман күндерім қалды артта.

Кетсем, кеттім «серімнен»,
Кеткен емен елімнен!
Маңдайыма тағдыр жазғаны:
Екі елге де келінмін.
Оң жағымда Ботпай – Дулатым –
Қанымды бойда тулатқан.
Өтті он сегіз өксумен,
Өткен ғұмыр – Су аққан!!!

Сол жағымда «Жалпағым» –
Көз жақсыларымның арқасында,
«Жалпағыма» – Қалқамын!
(Тегім батыр болғасын,
Тегім ақын болғасын,
Несіне, кімнен қорқамын –
Бір Тәңірімнен болмаса!?!)
Адамнан адам қорқады деу,
Тегінде жалған, далбаса!
Қорқу керек бір Алладан!
Алла бір аты халықтың.
Сондықтан да қорқамын,
Қаһарынан елдің-халықтың!
Халқым болсын бек аман!
Бала-шағам – ырысым!
Аллам мені қолдайды,
Мен халқымның құлымын!
Құлымын,
Ақын қызымын!
(Сәлім менен Қайшадан
Туылғаным болмаса!!!)

Талғар қаласы, 09. 10. 2012 жыл

ӨЗ БАҒЫҢДЫ ҮРКІТТІҢ ӨЗІҢ

Сағынумен сені, бәлкім, өтермін,
(Арман-шексіз, екі дүние де жетер кім?)
Өртейді-ай өзегімді өкініш,
(Сәл-пәл кулығы бұйырмапты әйелдің)
Адалдықты қалағаным бопты айып.

Өн бойымда жиынтығы бәрі-бәрінің,
Әйелге тән иба,
Ізет,
Кең пейілім,
Жоққа көну, қанағат пен мейірім,
Имансызға ілікпеуім – тектілік!

Жиырма жылға қалай жеткен төзімім?
Сеніп кеппін жалғанына сөзіңнің,
Қателесер жаста да емес едім мен,
Қастерлегенім болмаса ер деп басыңды өзіңнің!
Әспеттедім, аяладым, Пір тұттым,
Жастығымды құрбан етіп жолыңа,
Айырбастадың мені «қалдығына бір сарқыттың».


...Бақ құсыңды өзге емес
Өзің үркіттің!

Иә, Өзің! Бақ құсыңды үркіткен,
(Үрікседе ол ұзамап еді сонша алыс)
Оралар деп қарайлады үмітпен,
Өтті жылдар, жаз, көктем, күз, енді қыс!..

* * *

Бірі өшсе, бірі жанар, Әйел шырағы,
(Бақ құсы да оған оралар сан айналып)
Ер қырағы – болмаса өз бағына,
Сергелденде қалар басы байланып...

Текелі,
06. 01. 2011 жыл



БІР ЖАС ҚЫЗДЫҢ ҚАРТҚА АЙТҚАНЫ

Бірде «Барсыз», бірде «жоқ»,
Бірде «ашсыз», бірде «тоқ».
Сыртыңыз жылтыр мұздайсыз,
(Қызатын кезде қызбайсыз) –

(Бәрібір жастан озбайсыз!)
Қыз-қырқынға күлкі боп,
«Тұрлауы жоқ қарт» атану,
Емес пе осы, Сізге ыңғайсыз?!

Білсеңіз:
Өз үйіңнен жайлы жоқ!
Жылуды сырттан аңсамай,
Сақалды сыйлатып, ақ самай,
Доғарып түспе енді «әуреге».

46

(Дәмете бермей әрнеден...)
Бір мезет келіп тәубеге,
Мойындап өткенін жастықтың,
Көңілді басып аптыққан,
Жатқаныңыз жөн-ау, теңіңіз –
Бәйбішеңізбен сыйлы боп!!!

* * *

«Шалдардан» ұят кетті ме,
Кетті ме әлде ұят «қарттан?»
...Қыздарды күнәға батырып,
Зауалдан қорықсашы бұ қырттыр!

*Текелі,
1-мамыр, 2011 жыл*

АНА ТІЛІМДЕ – АЛЕНАҒА

Ана тілімде ой толғаймын, ақ қағазға түсіріп,
Туған күніңе жыр сыйлаймын,
Құрметтегеннен бір кісім көріп.
Аленажан, айналайын,
Ұзақ ғұмыр тілеймін.
Көрмей өткін қайғы-уайым,
Шаттыққа толып тәлейің.

ТАҒЫ ДА ГҮЛАЙЫМҒА

Туған күнің құтты болсын, жаным,
Шуақ шашсын әрбір атқан таңын!
Ұл-келінің мамалап, Азаматың апалап,
Еркініңнің ұзақ болғай жаны, тәні!

ТОЙҒА ТІЛЕК

(Мәдинаға жыр-шашу)

Құтты болсын қадамың, Мадинажан!
Жан құрбымның арманы ең көп аңсаған,
Бақытың мен баянды болсын бағың,
Шаңырағың биі боп, берік босаған.

«Жалпақ атам» қыздары шетінен көркем,
Болушы еді ақылды, еркін де ерке,
Делімбет атаң, Жұпар енең ғана емес,
Күллі жұртқа елеулі келін бол, еркем.
Бахалектің бағын аш, ақ гүлі боп,
Ата-ененің шамын жақ ай-күні боп.
Көбейт Әулет ұрпағын шүпірлетіп,
Балапандардың жүзетін айдыны боп.



Жетісу жұрты сүйсінсін қылығыңа,
Келіндердің айналғын ұлығына,
Енең Жұпар секілді болғын, қалқам,
Мейірімді, аяулы барша ұл-қызына.

Бахалек, Мадинажан – қос балапан,
Құрбым мен құрдасымның қос қанаты.
Екеуінде үміті құда-жекжаттың,
Иран бағындай жайнатындар махаббатпен
Шаңырақтың шаттығын, салтанатын!

*Талғар – Талдықорған,
11. 11. 2012 жыл*

ӨМІРШЕҢӨЛЕҢТАРТУЫМ

(Ақанбаевтар әулетіне)

48

Үйлескесін махаббат пен талғамы,
Үйлену ғой қос ғашықтың арманы.
Толғанады екі жақта аналар,
Ұл-қызының тілеп бақытты болғанын.
Қыз анасын кете барса мұңайтып,
Ұл анасын жадыратар қуантып.
Қыз ұзату, келін түсіру – Ұлы іс қой,
Қызық-шыжығын жеткізе алмас тіл айтып.

* * *

Қыз-көгершін ұштыда қиясына,
Бақ боп қонды қалаған ұясына.
Қуанышқа жиналған туыс-туған,
Қуә боп дәм татасың той асынан!

* * *

Талғатжан, Баян, Әтіркүл – Көктөбелік,
Мың жылдық құда болдыңдар Ұл-қыз беріп.



Шаңырағы жастардың биік болсын,
Керегесі кең болып, босағасы берік.
Қос балапан көздердің ақ-қарасындай,
Өнегелі болындар текті ата-ана баласындай.
Сақтасын жаратушы Ие тілден, көзден,
Жазылмасын жұптарың жарасымды-ай.

Айданаш, Әулеттің тұңғыш келінісің,
Алланың ғанибет сыйы – медигісің.
Жүзің жарқын, сән, ибаң – бәрі жақсы,
Рухани «Емдеу» болсын ендігі ісің.
Әулеттің үлгі тұтар ұлы Аманжол,
Үш жұртына да әрдайым тек адал бол.
Мақтанышы бола бер қатарыңның,
Қосағыңмен қоса ағар, бек аман бол!

* * *

Тойларың тойға ұлассын Баян, Талғат,
Қуаныштың кезегін енді Есмара жалғап.
Тон тозар, өмір озар, өмірлісі деп –
Тарту еттім жырымды жүректен толғап!

*Талғар,
30. 08. 2013 жыл*



АҚПАНАЙЫ-АЙ!..

Ақпан айы-ай, ақ боранды ақпан-ай,
Сары аяздың, бораның емес мені шошытар,
Дәл ақпандай қаһарлы, мығым боп келер
Жүректілердің сезім селінен қорқам-ай!
О, тәңірім, пендем десең мені енді,
Махаббаттың ақпандай дауылынан сақтағай...

*Талдықорған,
ақпан, 2010 жыл*

ӨЗІҢ ДЕ АЛТЫН, ІСІҢ ДЕ АЛТЫН БАЛАСЫҢ

Өзің де алтын, ісің де алтын баласың,
Жүрген жерің Алтын күндей береке.
Техника ма, басқа ма – тілін табасың,
Сенің қолың тиген жерде береке.

Өсіре бер жан апаңның мерейін,
Жақсылықтан арылмасын тәлейің.
Көпшіліктің ақ тілегі қабыл боп,
Мәртебенді биіктерден көрейін.

Отыз бесің құтты болсын, Берігім!
Топ ішінен таңдаған өкіл керімім.
Ұл-қызыңның бағына ұзақ өмір сүр,
Жайқалдырып ғұмырын Гүлнар келінін.

Өкіл бауырым! Тілекшіңмін әрдайым
Пейіліңе, ізетіңе жүрген марқайып
Өмір-өзен. Той-қазынада қуантып,
Әпке-іні боп салт-дәстүрді жалғайық!

Текелі, 14. 10. 2010 жыл

АҚ КҮМІСТЕЙ ЖҮРСІНШІ ДЕП ЖАРҚЫРАП

Әспеттедім Берігінді теңеп сары алтынға,
(Шындығында ол лайық Алтынға).
Ал, салмағы ауыр ғой деп күмістің,
(Екеуі де адамзатқа қымбат әрі тым ыстық!!!)
Өмірде де алар орны болсыншы деп салмақты,
Ақ күмістей жүрсінші деп жарқырап,
(Тау басынан құлап аққан ақ бұлақтай сарқырап),
Түнгі аспанға сән беретін, жұлдыздарға серік боп,
Күміс айдай жүрсінші деп «Алтынына» серік боп,
«Өкіл» емес, туғанымдай болса деп,
Мүшелінде аман болып, орындалып бар арманы,
Жаксылыққа, ен байлыққа кенелсін деп балалары!
Ақ күмістей жарқыраған Гүлнарым,
Туған күніңе тартуым деп, осы жырымды арнадым!





**АЛПЫС ЖАСЫҢ
АБЫРОЙЫҢДЫ АСЫРСЫҢ**
(бауырым Серікке)

Сонау, сонау елу үштің маусымында,
Айналғанда Ұл күтуден төзім таусылуға,
Үлбіретіп үміттің жібек жібін,
Шаңыраққа сен келіпсің, Серік інім.

Сен келіпсің араға болып алтын көпір,
Тарқапты өкпе-назы шал мен кемпір.
Қайрат пен Жалаңаштың жатыпты арасы,
Қуаныштан күнде той, болып нөпір.

Ағып жылдар, зулап уақыт өтті ғой,
Балалық та, мәрт жастық та кетті ғой.
Заман тыныш болса екен деп жүргенде,
Шақыртпай-ақ алпысың шауып кепті ғой.

52


Ер жігітке екі келген отызы ғой, бұл алпыс,
Ойыменен қиялында тасып тұрған бұла күш.
Сәл ерсілеу естілгенмен құлаққа,
Азаматқа алпыс деген бір талтүс.

Жалындаған жас күнінде озып шығып ортаннан,
Комсорг боп бағыт бердің ауылдағы жастарға.
Содан өрлеп, управ. боп «Казаткомды» басқардың,
Замандастар жүрегінде қалды сенің қолтаңбан.

Баталы Ұлсың! Дәнекері сенсің туыс-туғанның,
(Бағың басым басқалардан таласа алар бұған кім?)
Құтты болсын алпыс жасың, абыройыңды асырсын,
Елің-жұртың риза болсын, той-тойлаған думан ғып.

Ала алмаған асуың болса алпысыңда алғайсың,
Алла қуат берсін саған қырандарша самғайтын.
Сүйеу болып жарың Роза, демееу болып ұл-қызың,
Шат көңілді, ғұмырың ұзақ, аман-есен болғайсың!

21. 06. 2013 жыл



СЕН БҮГІН БІР ӘУЛЕТТІҢ АНАСЫСЫҢ

(келінім Розаға)

Қырық жыл бойы жарасып Серігіңмен,
Сен де, Роза, алпысқа келдің міне.
Ата-анасын қуантса ол тұңғыш ұл боп,
Алғашқы боп қуантқан сен келіні ең.

Сен бүгін бір әулеттің анасысын,
Көздердің ағы менен қарасысың.
Сусыны шөлдегеннің, сенсің қалқам,
Саяласа қорғайтын панасысың.

Роза – ол символы махаббаттың,
Кредосы мейірім мен шапағаттың.
Атыңа затың сай боп құлпыр, жайна,
Мықты ұстап уығын қара шаңырақтың.

Серік, Роза!

Балалардың сүйіндірер таусылмасын қылығы!
Бір әулеттің бірін анасы, бірақ болып Ұлығы.
Жүз жасаңдар айдындағы қос аққудай жарасып,
Тіршіліктің бірге көріп салиқалы қызығын!

*Талғар қаласы,
21. 06. 2013 жыл*



СЕН ДЕ БІР ГҮЛ

*(Талдықорған медицина колледжінің
жоғарғы санатты терапевт-оқытушысы,
өкіл сіңілім Гүлмира Омарбекқызына)*

Жарқын жаздай жайдары жан,
Жатсынбайтын пендені.
Мінезіммен ақ жарылған,
Баурап алдың сен мені.

Ақша жүзін, мөлдір көзің –
Көк аспан мен үндескен.
Ерке қылық, тәтті сөзің,
(Арбалар жан тілдескен).

Тал бойында бәрі де бар:
Сән, салтанат, ибалық.
Ерлерге тән айбатта бар,
Кетсең егер қиналып.
Талдықорған,
Табыстырған екеуімізді
Медколледж,
Текеліде жалғастырып,
Біз достықты келеміз.
Жолымды бір кесіп өтпей,
Туғып кішілік үлгісін.

Айналайын Гүлмиражан,
Ризамын мен саған.
Жаңа жылда орындалсын,
Бар арманың аңсаған.
Аман болып ұл-қыздарың,
Биіктерден көрінсін.
Ашық болып бар жолдары,
Алладан нұр төгілсін!

Өзің де бір гүл! Жайқалып жүр,
Айналанды сүйсінтіп.
Жамалыңдағы өшпесін нұр,
Шарықтаған күй сынды.
Бағы жанған қазағымның,
Көп қызының бірі бол!
Ұмытылсын «жаман» күнің
Тілеймін саған дара жол!

Текелі, 04. 01. 2011 жыл

«МҰҢАЙМАШЫ»... ДЕП
(Нұрсараға)

«Мұңаймашы, тәте» деп,
Жаксылықтарға жетелеп,
Әкететін ақжарқын,
Мінезіңді сағындым, сіңілім!

Айта қалсам сыр ақтарып,
Табысыма шаттанып,
Сәбидейін еркелетер,
Қылығыңды сағындым, сіңілім...

СЕН ДЕ БІР ҰРПАҒЫ БАБАНЫҢ
(немерем Ақмаралға)

Абайды оқығанын көріп толқыды жаным,
Құлпырған гүлім, Ақмаралым.
«Райымбек батыр» – түп нағашың,
Оқып тәлім ал, тарихыңды таны.
Болсын туған күнің құтты,
Білімді бол, шыңға шыққын.
Асулардан қиналмай өт,
Денсаулығың болдсын мықты.

18. 05. 2013 жыл





КҮМІСБЕКТІ ТҰҢҒЫШЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУ НЕМЕСЕ БАҚАНАСҚА НАЗ

Қарашада жол қылдырып,
Бақанас-Текелі арасын.
Дүниеге келген тұңғышы боп,
Құттықтаймын Күмісбек баласын.
Ақнұржанға аппақ қардай,
Тілеймін пәк балалық.
Өткір мінез, жігер, қайрат,
Қаңтардай аппақ тазалық.
Жан-жарыңа мөлдір мұздай,
Тілеймін пәк махаббат.
Күмісбек «қайным», тілеймін саған,
Дарқандық, мейірім, шапағат.

* * *

56

...Көтере алмай «женешеннің»,
Бір назын морт кеткенің-ай.
Ғұмыр қысқалығын – ұқпағаның
неткенің-ай,
Білу-білмеу жөн-жосықты,
Саған да сын, маған да.
«Жеңгелік» бөлек, мен досың ем,
Қаламдасың да, әманда.
Жалған сөйлеу, алдарқату,
Кімге де еш жараспас.
Жолым үлкен. Әйел затым,
(Бұған ешкім таласпас)
Бақанас, Топар – өз жұртым деп,
Құрметтеумен жүруші ем.
Күмісбекті «Өңірін Балқаш»
Бір үйім деп білуші ем.

Араға салып, уақыт ұзақ,
Сағынып жұртты келгенде.
Әкім-қаралар кетіпті ұзап,
(Жарамадық сәлем бергенге).
Сылтауың – жарың, толғағы ащы
Бөліскенің шығар дұрыста.
Реніш еш болмас па еді,
Гүлекеңе («қосшың»)
Аманаттағаныңда дұрыстап?!
Келді-кетті дер біреулер бәлкім,
Жаратпағаныңда айтып мақтанар.
Халықтан солардың биік пе Парқы?!
(Жатты да сыйлау – салтта бар!)

* * *

Күмісбек қалқам, шындықты айтсам,
«Ризашылығымыз» Айдос, Айнашқа.
Тілекшім әу баста – рухы Димаш атам
Риза болса болмас па?!

* * *

Қараша, Желтоқсан,
Бақанас – Талдықорған.
Текелі – Жырымыз бітпесін.
«Егізімді» арқалап
(Ем, жырдан қалқан ап),
Қызғалдақ құлпырып,
Гүлденгенде шартарап,
Сағынышымды халқыма ту қылып!
Көктеммен барамын!!!
Қалар, қаламар,
Әкім мен қаралар.
(Күмісбек те мейлі күтпесін)
Сол кезде ғана қойылады,
«Елге сапар» нүктесі!..



* * *

Ал, Күмісбек бауырым,
Дәу жігіт болсын Ақнұрың!
Ұзақ болсын ғұмырың!
Таусылмасын ән-жырың!
Үстем болып мерейі,
Аман болсын Бақанас!
«Оңға» салсаң қылышың,
«Солға» салсаң – Алдаспан,
(Қаймығады дос-дұшпан)
Аман болсын қос тәтең –
Гүлжаһаның мен Айнаш!
Арасында Жұбаныш
(Тигізетін әрнеңе,
Жас баладай қолқабыс!)

* * *

Барыспен келген реніш,
(Мысықша басып кетер бір!..)
Көңілдің кеңі – мол кеніш!!!
Қоян жылы кенелтсін
Жақсылықтарға нелер бір!

Өкпелерге қақым жоқ!
Жаралғасын ақын боп!
Ақынның жары бір Алла –
Халықтың да Алла бір аты!
Аянымен Райымбек бабаның,
Димаш атам – дананың,
Туыс-бауыр ғып Топарлық,
Ақжарқын елді-қауымды.
Жиырма жыл мекен еттім мен
Күртілік ен даланы!
«Ұмытып» «Жұмақ қаланы»
Алатау – асқар тауымды

Туылған бірге бауырды!!!
Қалауымен Тәңірімнің,
(Үн қосып жүрек әміріне),
Асқарында алпыстың,
Алашымды аралап,
Бөктерімде «Егізім»,
Сусаған жұртқа еліме,
Ем болып әрбір лебізім,
Арқасында өнерім,
Үлесімді аламын!!!
Ұл боп тумағаным – кемдігім!
Мейірімділігім – кеңдігім!
(Маңдайға жазған тағдырын
Тіршілікте дейсің жеңді кім?!!)

Қайда жүрсем, сағынышым туған ел!
(Тумасам да, туғанымдай қылған ел!)
Күрті-Топар – Бақанасым – Өрісім,
Кешіре гөр, болса артық-кемісім!
Қайда жүрсем мақтанышым Бақанас –
Өр еткен мені Рухы бабам аты Димаш!

*Бақанас, 29-30/11 – 2010 жыл
Текелі – Талдықорған, 1-4 қаңтар*



СЕН МӘНГІЛІК ТІРІСІҢ

*(Ұлы Жеңістің 68 жылдығына
орай әке рухына арнау)*

Жеңіс күні – Сенің де, Әке, туған күнің!
Сексен тоғызда деп емес,
Алпыс сегіз жаста деп,
Ардагерлер Ұлы Жеңіспен жасты деп –
Қуаныш қып, есіне алуда ел-жұртың.

(Бір тойланбай туған күнің тірлікте,
Өтіп едің риза болып саулық-тірлікке)
Амандығын тілеп Отан ананың,
Ағайынның ынтымағын, бірлікпен.

Биік қойып Ұлы жеңісті тер төккен,
Қызықтырмады сені ешқашан шен-шеккен.
Ең үлкен сый сенің үшін қашанда,
Отанды сүю, тіршілікті құрметтеу.

Ақталды үміт, орындалды арманың,
Аманатыңды ұрпақтарың жалғады.
Естеліктің, тұрған музей төрінде,
Ел-жұртыңа әрқашанда зор мәні.
Рухың асқак! Сен мәңгілік тірісің!
Қарапайым боп өтсеңдағы Ұлысың!
Өмір жолың ұрпақтарға өнеге,
Әкетайым, сен әулеттің пірісің.

*Талғар қаласы,
09. 05. 2013 жыл*

БАҚЫТ ТІЛЕП ЖҮРЕМІН
(Білім күні құрметіне Бақытайға)

Еместейсің ешкімім,
«Айыптаулар» есепсіз.
Сезімімді, десті, «мін»,
Саған деген түп – шексіз.

Қанку сөзде толас жоқ,
Мәңгі жолдас жақсыға.
Пірімдейсің! Талас жоқ,
Қауышар күнге асығам.

Бәрібір! Кім не демесін,
Төріндесің жүрегім.
Тәңіріден әрдайым,
Бақыт тілеп жүремін.

Талғар, 01. 09. 2013 жыл

ЛӘЗТАЙ!

Құтты болсын мүшелің,
Алғашқы шыққан белесің!
Қуанышы боп анаңның,
Кіл «бестікпен» келесің.
Болашағы зор баласың,
Қаласаң – қамал аласың.
Тілерім саған батылдық,
Өрлігіне жоқ таласым.
Таудай талап бір басыңда:
Сен ақында боласың,
Боласың әнші, биші де,
Математикте қаласаң!
Ал мен саған тілеймін:
Бармақтай бақ бер деп Алладан,
Төге гөр деп мейірім,
Тарылтпа деп пейілін,
Иман және қанағат,
Жақсылардан шапағат!



ҚАЙСАР БАЛАМ, ЖАСЫМА!

(1-ші арнау)

Тағдырым қиын деп жасыма!
Өнерде өрлесен, сабыр ет, тасыма!
Ақ желеңіңе адал бол, ол сенің ертенің,
Қиналсаң, табылам қасыңнан!

23. 09. 2013 ж.

СЕНІҢ ДЕ НӘЗІК ЖҮРЕГІҢ

(2-ші арнау)

Сенің де нәзік жүрегің,
Иманға толы жамалың.
Жақын жерде де жете алмай,
Ұлдарымды аңсап жүр едім.
Аллам жіберді амалын –
«Бауырыңа бас, – деп, – бала қыл».
«Туғаныңнан да артық болар» деп,
Азамат деп сені саналы!

Он екінің күзінен
Өте шығыпты он екі ай!
Алғысым шексіз Аллаға,
Апа еткен сендей балаға,
Жолыңа жаным садаға!

Ұзағынан тек болса екен,
Немере сүйіп үпір-шүпір.
Шаттыққа жүрек толса екен,
Ендігі тілегім Аллаға:
Адал жар берсе балама,
Жайлы болар кәрі анаға,
Балаға... және балаға!

25.10.2013 ж.



БАЛА ДА БОЛСАН, СЫР АШТЫМ (3-ші арнау)

Ризамын саған балам, сары алтыным,
Бала да болсан, айтылды саған
Жұртқа айтпаған жан сырым.
Бәрінде нар жүгінді көтерістің,
Сын сәтте табылмағанда
Жанымнан туғаннан ешкім...

Аллаға мың да бір шүкір сені берген,
Мың алғыс қос жанарға сені көрген.
Тәубе деп мінәжат етем ертелі-кеш,
Көгерсін деп көсегең сенің елменен.

Талдықорған, 29.11.2013 ж.

КӨРУГЕ ЖАЗСЫН ТӘҢІРІМ (4-ші арнау)

Көруге жазсын тәңірім:
Бағыңның сенің жанғанын!
Орындалғанын басты арманың –
Мойныңа асылып көкелеп,
Мауқың басқанын Мағжаның.
Өнерден өз орның алғанын,
Жүрегі ақ, өзі үлпершектей,
Талғамыңа сай талғамы –
Сүйікті жарың болғанын.
Бәрін айт та бірін айт,
Денсаулықтың болғанын,
Кем де болса, артық та,
Мынау алмағайып заманда,
Бар болып жүргені жарқырап,
Жаркылдай алмас қылыштай,
Шыныққан болат құрыштай,
Сай болып уақыт, заманға.

*Талғар – Талдықорған
сапарынан соң, 29.11.2013 ж.*

ТОЙҒА ШАҚЫРУ

(Қараталдық әріптестер)

Бес ай таттым дәм-тұзын,
Қараталдай арудың.
Алма бағы жайнаған,
Әнші құстар сайраған.
Директоры ТОО «Аруананың»
Кімге де төккен мейірімін,
Арқасында қайын ағам!

«Аштықта жеген құйқаның,
Дәмі кетпес ауыздан» –
Мәтелі ғой дана халқымның.
Рахмет айту бар салтымыз:
Қадіржан аға, бұл Ана!
«Қараталға» жыр шашу
Жарық көрген ед «Жәрдем» мен
Газетінде «Талдықорған».
Бүгін енді сол жыр шашудың:
«Нәзік сенің жүрегің» кітабы мен
«Егіз өнер арқамдамен»
Кесілмекші тұсауы,
Талғарымның төрінде,
Медицина колледжі орналасқан
Жерұйықтай жерінде
Болыңыздар куәсі,
Тұсаукесер салтанат!
Болмашыға өкпелеп,
Алшақтаған арасын
Жалғасын осы қос кітап.
Сіздерге басымды иемін,
(Келінмін ғой киелі),
Шақырамын тойға құрметтеп,
Келіңіздер, мархабат!

ЕСІМДЕ БӘРІ

*(Топардағы өкіл шешеміз
Амантай анаға)*

Есімде бәрі:
Топарға алғаш келгенім,
«Шөлдедің-ау, – деп, – карағым»,
Сүт қатып шәй бергенін.
«Жатырқама бұл елді» деп
Бауырыңа басқаның.
Елге сіңіп кетуіме,
«Өкіл» қызы боп ыстының,
Бақытыма жол ашқаның.

Есімде бәрі:
«Өкіл ана» боп Ромаға,
«Өкіл әже» боп Ермекке,
Ыстығыма күйгенің,
Суығыма тоңғаның.

Есімде бәрі:
Жиырма жылғы ғұмырда,
Дәнекер болдың айрықша.
Тұғырыма қайта қонуға,
Қыран қанатымды қатайтып.

Есімде бәрі:
Бірге жылап, күлгенің,
Қай жақтарда жүрмейін.
«Адасып тағы қала ма?» деп,
Шырқырап жаның, ауырып жүрек,
Алаңдап, іздеп жүргенің...



Есімде бәрі:
Ұмытпан!
Апатайым – Анашым!
Қандай күн тумасын басыма,
Сен әрқашан панасың,
Ұзақ болсын ғұмырың!
Ұрпағың болсын бақытты!
Бақытты болсын баянды.

Таусылғанша тірлігім,
Иканың болады бір інім.
Айзадаң – туған келінім,
Қастерлеп өтем мәңгілік:
Бейсенкүлің, Нұргүл мен
Ләйкәшінді – бәріңді
Жырыма арқау, ән қылып!



ҮШ АТАДАН ҚОСЫЛАДЫ БАСЫМЫЗ

(Элегия)

Иә, рас,
Үш атадан қосылады басымыз.
Бірақ, бірақ, Сіз аға,
Бірге туған «алтаудың»
Бәрінен де, бәрінен де астыңыз!
«Екі әулеттің екі ерке
Тентектері» еді атымыз.
Маржан апам айтуымен,
Куә болған ХХ ғасырыңыз!
Айналайын алтын жеңгем,
Құтты болды қойныңыз!
«Жалғыз тұяқ»
Жақсыдан қалған бауырымды
жиырма бірінші ғасырда да
Сіз ерке ғып қойдыңыз,
Мен де әлі сол «еркемін!»
(«Жаман» бауырдың арқасы,
Жақсы деуге тілден, көзден қорқасың...)

* * *

Жеңешетай, көзін көрген
Қайша, Сәлім атамның,
Берекелі, мейірімді келін,
Хадишажан еді атағың.
Енең Маржан риза еді саған,
Аманаттаған жалғзын.
Шындығында, сен, жеңеше,
Барша әулеттен бата алдың!
«Батаменен ер көгерер»,
Ердің жүгін көтердің!

Өстің, өндің – ұл-қызыңмен көгердің!
Алпыс бесі, айтпай келген
Мұқаш ағатайымның құтты болсын!
Құрдасынмен Сен де еңсеңді көтергін!





Мынау құтханаң ешқашан да
арылмасын думаннан!
Ернарың келіп аман-есен,
орындалсын бар арман!
Әулетіңнің енді атаншы бір «әулие анасы».
Саған лайық қандай да ат,
не кереметке де теңесем!

* * *

Алтауымның кем көрмеген ағатайым –
Мұқашым,
Асқар тауым, шалқар көлім,
сен артықсың бір туғаннан!
Анар, Тоғжан – қос періштең –
қорғаның да, қамқоршың.
Ержан, Ермек, Ернар, Елдар –
азаматтарың – қос қанатың,
Жаннаң, Ризаң – келешегің, өрісің.
Ал Диасың әлі-ақ берер тәтті-тәтті «жемісін!»
Артық туған Асылбегің, Нұрғалиың – ұлдарың,
Кенжекүлің, Салтанатың –
(өзің айтқандай)қыздарың,
Тілден, көзден болсын аман!
Сүт кенжесі әулеттің – Әсел сіңлім,
Қуандығымен таси берсін дәулеті!
Құда-жекжаттар болсын аман,
қосылып тойда бастары!
Аман болсын жолдас-жора,
Болат ағадай достарың!
Бір-бір талдан қайын бикең мен балдызың –
Қадіріңді білетін солар
(солармен ғой бар қызық!)

* * *

Жиырмамыншы ғасырдағы атың
Еді «Рақымжан жалғызы».
Женешемнің арқасында
Ұл-қызыңның болдың құндысы.
Арзан бол, мейлі құнды бол,



Ағатайым, аман бол –
Тілегім Алладан жалғыз сол!

* * *

Ал, жеңеше, ағатайым,
Ұзағынан болсын қуаныш!
Ернарың аман оралып,
Ордасында болсын тойы қоныс!
Баршаңа тек тілейтінім:
Ұзақ ғұмыр, зор денсаулық!
Ғимарат үйдің сәнін келтірсін,
Ақылға келіп «қос ақ жаулық».
Үпір-шүпір сәбилердің
Шаттығы кернеп кең ауланы,
Жүрсен екен екеуің,
Ауру ұмытылып, «дау» қалып,
Анда-санда алып-ұшып,
Келгенімде сағынып.
Мамыражай тірлікпен риза боп,
Тұрсаңдар болды қарсы алып.

* * *

Қарашаның май тоңғысыз
Табиғаты-ай тамаша!
Басты тілеуім шаңыраққа:
Ернарың оралып аман-есен,
Жақсы өмір орнасын жаңаша!

*«Қызыл Ту» – «Айғаным»,
03.11.2013 жс.*

PS: Үш атадан қосылса да басымыз,
Алпыс беске келседағы жасыңыз.
Маған әлі сол балалық шақтағы
Мұнсыз, бақытты күндердегі ағасыз.
Ақши, Қайратта тетелес өскен,
Аяулы күндерді еске саласыз.

*Талғар,
02.12.2013 жс.*





ЖЕҢЕШЕ

(Қазбекқызы Хадишаға)

Алпысқа сені қимаймын,
Жадымда сенің гүл шағың.
Алқа ғып жырды сыйлайын,
Қабыл ал, осы жыр шоғын.

Момыным, Маржан анамдай,
Ибалым, ұяң, періштем.
Тағы да жаса алпыс жыл,
Сақтасын Алла кемістен!

*Талдықорған,
28.06.2008 ж.*

ЖЕР ЖӘННАТЫ ЖЕТІСУҒА РИЗАШЫЛЫҚ БІЛДІРУ

I

Ғашық едім барша тауға,
Тауда туылған болғасын.
Жетісуда болған жылдар,
Бакытыма қосты үлесін.

Мөлдіріндей «Алтын Шажә»,
Жүрегімнен жырлар туды.
Тазарды бар жан-сарайым,
Көңіл кірін «Қора» жуды.

Текелінің ақ толқыны
Аялады, еркелетті.
Буырқанған «Қараталдан»
Шабыттандым, қуат алдым.



Жер жәннаты Жетісудың,
Төрінде өткен төрт жылымда
Ризамын жайлаған,
Жалпақ атам ұл-қызына.

II

Қастерледі «Алтын Инемді»,
Профилакторы «Текелі».
Сәт сайын мен басымды идім,
Ұстазым Рая рухына киелі!
«Бұл үлкен өнер» деп үйреткен.
Қүдіретін «Алтын Иненің».

* * *

Жүз жиырма орындық «Қараталдың»
Қабырғасында да қалды қолтаңбам.
Сән-салтанатымен ашыла қоймай,
Еркіммен жегілдім «қара жұмысына»
алты ай.

Қоя алмай «мәнсапты» биік ардан,
Нанымды сөйтіп жедім адалдан.

* * *

«Текелі» профилакторы,
«Қаратал» санаторийі,
Шыңдады зейнеткер жасымда!
Берігім, Асқарым, Бекболат, Закирам
Сүйеу боп табылды қасымнан!

* * *

Тұншыққан мұңға тынысымды ашты,
Медколледжі Талдықорған.
Қаламымды ұштай түсті,
«Жәрдемім» мен газеті «Талдықорған».





* * *

Жанашырларым – қос шырағым,
Галятайым, Бикамалым,
Қоштасар сәт кезі келді,
(Қоштаспасқа жоқ амалым).
Жетісуды қия алмаймын,
Төрт жылғы ғұмыр қиял-ғайып.
Бәрі де өтті. Жақсы да жаман,
(Сынақ күндер қалды артта).
«Жалпақ» жұртыма басымды ием,
(Келіндік дәстүр-салтты сақтап).
Батырлар мен бабалардың,
Қош бол енді, киелі мекені.
Биіктетгіндер үмітімді ақтап,
Аруақтарына сиынып кеп едім.
Алғысым шексіз Замандасқа!
Сенің де арқаң, мәртебем асса!
Айналайын Жетісуым,
Швейцариясы Қазақстан!
Ауанды жұтып, жұпарыңды иіскеп,
Аймаланған самалыңа,
Мүмкін емес жұлдызы жанбау,
Өнерлінің өрісі өспеу!!!



*Талғар,
05.12.2013 ж.*



1969 жылы Қаракемер ауылындағы С.М.Киров атындағы орта мектебінде 9, 10 «б» сынып жетекшісі болған аяулы ұстазымыз Қуаныш Майкөтова және аса қадірлейтін ұстазымыз Заманбек ағай Садыровқа арналады.

I

Төбесін бұлттарға тигізіп,
Күн нұрын мейлінше сүйгізіп,
Жеті қат аспанмен астасып,
Ұясын қияға салатын,
Қарасаң көз талатын,
Шындығы шынардай биікте,
Қыран құс іспетті бір жан бар,
Ол біздің мұғалім сүйікті –
Ол біздің Қуаныш тәтеміз –
Ұстаздың Ұстазы!
Қырық жылда жалқы рет түлеткен,
Әрқайсысы бір төбе түлектері!
Мысалы делік, Күлшарадан –
Бір әлем – «Сайраның» бағынған,
Ғылымның жолында Зияшы.
(Еңбектері әлі жазылуда,
Кеспеген сиясы).
Түр-түрін өсіріп балықтың,
Ризашылығына бөленіп халықтың,
Бейнетін көргенмен Болаты,
Идея Райгүлдікі болатын;
Қиянда – Тарастың елінде,
Украин ұлтының жерінде
Жұмабаевы боп жүр Елшілікте бас.
Ел-жұртқа деген сағыныштан,
Достарға деген сағыныштан
Аппақ боп сакал-шаш!
Ең ұясы қыз тұратын сызылып,
Көрген жан қарайтын қызығып.



Отыз жыл «Казатком» ауылының
Келіні боп жүрген, кызы боп.
Ұстазының мақтанышы Шайзаны,
Білмейтін бар ма жан?
Әлі де сол қалпы,
Тұрған жан үлбіреп!..
Математика оған – шемішке шаққаны,
Мойындамай өткен жан Қалақовтан басқаны,
Туылған тау Түрген шынында,
Тел оқушысы «А»-ның да, «Б»-ның да –
Машеевасы жатқан бір керемет,
Басы оның компьютер, интернет!
Ұстаздың көп еді ұлдары,
Тал шыбықтай бұралған қыздары.
Бақилық талантты шәкірттерін –
Жанны Рахаттың Испанов,
Күлиза, Сәлбиді еске алып,
Басымызды иемін бір сәтке,
Рухтарын риза ғып!!!

II

«9», «10»-да Қаракемерде – интернетта,
Жиналғандар әр ауыл, шар жақтан.
Қорқа-қорқа «Қара» тәтейден,
Үрпе-үрпе апайдан Ұлжалғас,
Ләңгіні бір тебуші ек!
Бұрқыратып шанды аспанға,
Түнгі сағат екіден асқанда.
Ұйқысынан біреу түртіп оятқандай
Садыров келетін, ақ таяқ қолда!..
Шыға жөнелуге есікті таппай,
Тығыларға тесік таппай.
Ләңгіден бе, әлде ұялғаннан,
Сүмірейіп талай тұрдық-ай, ұят-ай,
Заманбек ағайдың алдында шаң-шаң боп.
Сол балалығымызды кешірді ме екен?



Кешірмесе егер, 40 жыл өтсе де,
Сондағы «нашар» тәртібіміз үшін,
Ұмытылмас бақытты сәтіміз үшін!
Бүгінде алпысты алқымдаған,
Алау жүздері сарқылдаған.
Интернаттың құрамалары атынан
Ұйымдастырушы бола тұра,
Тасада қалғаным үшін,
Жазықты бола тұра ақ таяқ тимей,
(Нәзіктігімнен жазаланбағаным үшін,
Заңғар ұстазыммен мақтана тұрып,
Мәңгі шәкірттігіммен мақтана тұрып),
Күллі қауымның алдында бас иіп,
Ғанибет Ұстаздан ғафу өтінем!..

*Талдықорған қаласы,
25.05.2009 ж.*



ҚОНЫСЫҢА ҚҰТ ҚОНСЫН!

(Шолпанға)

Мүмкін бе сені сағынбау,
Мүмкін бе сені ойламау?!
Кездесіп ек жастық шағымда,
Қартайғанда кеттік шалғайлау.

Кетсең де шалғай, Шолпаным,
Қайдан да іздеп табамын.
Туған күніңмен құттықтамай,
Қалайша үнсіз қаламын?!

Құм ішінен тапқан қазынам,
Құлақ сал, құрбың назына.
Алпыс бес емес келгенің,
Он сегіз деп ұқ, жасыма.

Төріне келдің Алматы,
Етегіне Алатау,
Төркінің енді жап-жақын,
Күнде көресің қаласаң.

Қамқорысың Нака, Секебай,
Қашанда атың затыңа сай.
Келін түссін енді осы үйге,
Үйленіп кенжең Сакенай.

Қонысыңа жаңа құт қонсын,
Бар болса уайым, ұмыт болсын!
Күнайың, Гүлшат, Қуатыңнан
Ұрпақтарың тараған жұп болсын!

Немерелеріңе жолың болсын құт,
Жазылмасын ылайым жұптары.
Төс қағысқан құда-жегжаттың.
Құрбыңды да естен шығарма,
Танытып әркез бекзаттық!

Талғар, 07.12.2013 ж.

ТҰЛПАР ҒҰМЫР ТІЛЕЙМІН ЗАМАНДАСҚА!

Өтеді екен жылдар жылмен алмасып,
Өтеді екен уақытқа уақыт жалғасып.
Тұлпар ғұмыр тілеймін сізге – Замандас,
Қатарыңнан қалмай ұзақ самғашы!

Жаңа Жылың болсын бақыт бастауы,
Бақыт деген денсаулығың, дос, қауым!
Бақыт деген бүтіндігі отбасың,
Бас аманда қажеті жоқ басқаның.

*Талғар,
22.12.2013 ж.*

БІЛМЕЙМІН, КІМ КІНӘЛІ?

Білмедім, қайткенім жөн, дұрысы не,
Жайымды ұғармысыз, иә түсіне?!
Жасырмасты жасырдым...
Шашымнан көп өкінішім, бәрі ішімде.

«Көк дәптер» – тұңғышым еді қолды болған,
(Ауданның баспаханасынан шықпай қалған).
Қолмен ұстап алмағасын, кімнен көрем?
Өкпе арттым, жоғалттың деп Жолболдыға.

«Балауса бал сезім» де қолды болды,
Шыққан із жоқ, шарқ ұрғанмен оңды-солды.
Айдың, күннің аманыңда, о, күдірет,
Арқалаған аманаты Ер қор болды.

Түзілген жыр жолдарын жүрегіме,
Жинақтап ем «Нәзік сенің жүрегіңе».





Қатеден көз сүрінеді, кімге обалы,
Оқушым, кімде кінә, біледі ме?

Тағдырдың салғанына пенде көнбес,
Ауырды, қиындықты төзімді жеңбек.
Сенемін, шығарады өз биігіме
«Егіз өнер арқамда» – елу жылғы еңбек!

04.07.2014 жыл

НЕМЕРЕГЕ НАЗ

(Азаматқа)

Бұдан екі жыл бұрын
Онға толды деп қуанып,
Дастархан жайдым «Заңғарға».
Сен келмедің,
Себебін мен білмедім.
Кімнің кімге жақынын,
Кімнің кімге алысын,
Бәлкім, сен білмедің?
Бұған сен емес кінәлі,
Кінәлі шешең – «абысын».
Ал, биылғы туған күнің,
Мүшелің ғой алғашқы,
Анаңның бар тілегі:
Ұлы бол сен халқыңның,
Атыңа затың сай – Марқасқа.

14.07.2014 жыл



АНАШЫМ, АЛТЫН АНАШЫМ

*(Анам Қайшаның рухына,
тірі болса 92-ге келер еді)*

Алпыс үш жыл өмір сүріп,
(Жарқ етуді бір күтіп жүріп),
Авторы бола тұра үш кітаптың,
Кешір, Ана, саған жалғыз-ақ
жыр арнаппын.

* * *

Расы – рас, ақ сүтінді емгенім,
(Кешір, бірақ, тәрбиенді көрмедім).
Өзіңнен жырақта өстім...
Сағынышка толы жүрегім
Ансаумен сені жүретін.

Кінәлаудан сені аулақпын,
Талабы сол бопты ол уақыттың.
Сақтау үшін «екі ел» бірлігін,
Дәнекерлікке қиыпсың
Үш жастағы сәбиің тірлігін...

...Анамнан кейінгі тәрбиешім,
Әкем болды өле-өлгенше.
Сондықтан шығар, мінезім,
Болмысым, жүріс-тұрысым –
Тік болып өстім – ерлерше.

Ұқпадым да білмедім:
Астары мен қыр-сырын,
Құбылудың мың түрін,
Болатын әйел бойында.
(Ауырлау мұны мойындау),





Ардақтап өтем, бірақ, өзіңді!
Жаратқаның үшін ғып төзімді.
Сыйлаған жарық дүниен,
Ақ сүтің мәңгі мойнымда.
Кеш те болса, қабыл ал,
Ғафу өтінген сөзімді,
Кешірші мені, анашым?!
Анашым, алтын анашым!!!

25.07.2014 жс.

ТОПАРДЫҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА

Уақыттың озғаны – ұтылғаным,
Тұтқынынан сағыныш құтылмадым.
Қол жетпеген арманым шашымнан көп,
Санап қалай тауысам – қарасын ба,
бозын ба, әлде ағын!

80

Тәубе деуден болсам да жаңылмаған,
Шүкіршілік десем де барына –
өзге ел, бала-шағам.

Орның бөлен, ерекше екенінді
Сәт сайын есіме салады Хақ тағалам.

Топарым, киелісің ғой небір жайсаң,
жақсылар шыққан,
(Елу жыл бір ғұмыр ғой, болсаң егер ұққан).
Болмай-ақ қойсын атағың
сілкіңтер жер дүниені,
Әркімге биік дейді өз төбесі шыққан!

Ауылдасты артық-кем деп бөле алмаймын,
Бірін үстем, бірін пәс көре алмаймын.
Татқан дәм, ішкен суым өтеді деп,



Топарым, тойыңа сенің жүрегімнен шыққан
Жырдан өзге ештеңе бере алмаймын.

Шашуым – жыр жинағым, сені жырлаған,
«Егіз өнерім арқамдағы» тұғыры өзің болған.
Тәңірім өмір берсе денсаулықпен,
Арқау етем әлі талай жазылар жырға,
Оған мен еш шаршап, еш талман.

Торқалы тойың құтты болсын, Топарым,
Аман болсын табиғатың, бар қауым!
Кіндігі саған байланған жас пен кәрінің,
Амандығын тілеймін өзіңнен от алып!

ТӨРІНДЕ ТОПАРЫҢНЫҢ...

(Ермекке наз)

Төрінде Топарыңның жөн еді-ақ жүргенің,
Саф ауасын еркін жұтып, еркелеп, күлгенің.
Ел іші – алтын бесігің, халқың – қазынан,
Жараспайды-ай өз-өзіңнен жеріп, саяқ жүргенің.

Сенің үшін де басымды иіп кішіреюмен келем,
(«Есерді ел түзейді» деген, жөнсіз еркелеген),
Көзі түзу болса екен, Алла, халықтың,
Ниетім ақ болғасын да, сені кешеріне сенем.

Топарың толып елуге, өзің жиырма беске,
Ел-жұртың риза, жақсылық самалына ескен.
Алты жылғы азабымды сен үшін тартқан,
Айтып тауыса алармын ба?!
Сенсем де ұмытыларына әлі-ақ,
Құйындай өте шығарына – кетіп келмеске!



Ашты-ақ еді толғағың тоғыз күнгі,
Бебеулеткен анаңмен бірге Күртілік елді күллі.
Сол Наурыз тойдағы халқыңның шат еді көңілі,
Сен іңгәлап ашқанда жаңа өмір есігін.

Адасканың жетер, ұлым, орал Отанына,
Кіндік қаның тамған жер – аяулы Топарыңа.
Аман болса көз көрген әкен ауылдастары,
Айналасың сен әлі-ақ өз қандастарына!

25.07.2014 жс.

ХОШ КӨРДІК, ТАЛҒАРЛЫҚ ДОСТАРЫМ!

Хош көрдік, талғарлық достарым,
Қосылып кеп қапсың бастарың.
Армысын, аяулы құрбылар –
Он бір жылғы «Обл. тубтағы»
Әріптес-замандастарым!

Қанипаш, жарасып сән-салтың,
Үзілердей жүруші ең үлбіреп.
Сырың да, сының да сол қалпы –
Қыздай боп жүре бер мөлдіреп.

Құрбаны «Желтоқсан желінің»,
Көппен бір «адасқан қаз» едім.
Кешіре алдың ба сол кездің бір лебізін,
Әріптесім, бауырым – Серігім?

Жағдайың жайлы ма, жан құрбым,
Ақ гүлім – Айшақұл, момыным?!
«Ботакөз» атаған бар құрбың?
Ширек ғасыр кетті өтіп арада,
Сендер қап Талғарда – қалада,



Мен тағы боп кеткелі далаға,
Хал нешік, «ханума» Тамара?

Ерсайын, Талғатжан – жастарым,
Мақтаны сол кезгі коллектив.
Аппақ боп кеткен бе шаштарың,
Қартайтып жіберген бе өмір-мектеп?!

Достыққа, сырға да берік ек,
Мәңгі бір жүрердей көріп ек.
Риза ма екен рухтары достардың –
Ақлима, Рашид пен Мәліктің,
Геннадий Носовтай жан ерек?

Людмила дос, бастық Серікбол,
Жайсаңдарым-ай пейілі ақ.
Жыраққа кеш жетіп суық хабар,
Бұйыртпаған бір уыс топырақ.

83

* * *

Алдымыз жетпістің үстінде,
Пайғамбар жасында соңымыз.
Ғұмырдың азы қап, көбі өтті,
Танылғанда оңымыз, солымыз.

Бұл өмірден не ұттық, не алдық,
Орындалды ма мақсат, ақ армандар?
Болды ма жолымыз?
Сағындым бәріңді, баршанды!
(Сені де кесірлі қыз – Баршагүл),
Беу, қайран жас дәурен, бал дәурен
Жүретін алшандап,
Уайымсыз қарсы алып әр танды!

Шілде, 2014 ж.

МАЗМҰНЫ

Нәзік сенің жүрегің.....	3
Талғарым менің, Талғарым!.....	5
Желтоқсан – бақыт бастауы.....	6
Балапаным – қызығым.....	7
Сен арқылы басқам шөлді мен.....	8
Тірегі сен босағаның.....	9
Шолпан, туған күніңмен!.....	10
Шолпанға хат.....	10
Мейіріңе, Әке, шөлдедім.....	11
Әке, саған ғұмыр бойы қарызбын.....	12
Бейтаныс апаға сыр.....	13
«Әкекыз» деген әпкеміз.....	26
Сағынам көріп түсімде.....	28
«Қараталға» жыр шашу.....	29
Жаныңның бір бөлшегіне айналып.....	32
Жаңылмаған пікірінен, ісінен.....	33
Дос болып қана қалайық.....	34
Ұмыттыра алсаң.....	36
Ортасында мың кісінің.....	37
Ойлану немесе өзіме ода.....	38
Көзімде қалды көздерің.....	40
Менің бір көршім бар.....	41
«Сарбаздар» мерекесі күніне арнаудың жалғасы.....	41
Жақсы ұстазға қашанда біз зәруміз.....	43
Пендені шайтан азғырар.....	44
Өз бағынды үркіттің өзің.....	45
Бір жас қыздың қартқа айтқаны.....	46
Ана тілімде – Аленаға.....	47
Тағы да Гүлайымға.....	47
Тойға тілек.....	47
Өміршең өлең тартуым.....	48
Ақпан айы-ай!.....	50
Өзін де алтын, ісің де алтын баласың.....	50

Ақ күмістей жүрсінші деп жарқырап.....	51
Алпыс жасың абыройыңды асырсын!.....	52
Сен бүгін бір әулеттің анасысың.....	53
Сен де бір гүл.....	54
«Мұнайманы»... деп.....	55
Сен де бір ұрпағы бабаның.....	55
Күмісбекті тұңғышымен құттықтау немесе Баканас- ка наз.....	56
Сен мәңгілік тірісің.....	60
Бақыт тілеп жүремін.....	61
Ләзтай!.....	61
Қайсар балам, жасыма.....	62
Сенің де нәзік жүрегің.....	62
Бала да болсаң, сыр аштым.....	63
Көруге жазсын Тәңірім.....	63
Тойға шақыру.....	64
Есімде бәрі.....	65
Үш атадан қосылады басымыз.....	67
Жеңеше.....	70
Жер жәннаты Жетісуға ризашылық білдіру.....	70
Аяулы ұстазымыз Қуаныш Майкөтова және аса қадір- лейтін ұстазымыз Заманбек ағай Салыровка.....	73
Қонысына күт қонысін!.....	76
Тұлпар тұмыр тілеймін Замандасқа.....	77
Білмеймін, кім кінәлі?.....	77
Немереге наз.....	78
Анашым, алтын анашым.....	79
Тонардың 50 жылдығына.....	80
Төрінде Тонарыңның.....	81
Хош көрдік, тал арлық достарым!.....	82

Сара СӘЛІМҚЫЗЫ

**НӘЗІК
СЕНІҢ
ЖҮРЕГІҢ**

Редакторы
Талғат АЙТБАЙҰЛЫ

Дизайнері
Дархан ТАЛҒАТ

Беттеушісі
Әсем НАУАН

Басуға 13.08.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 ^{1/32}. Шартты б.т. 5,4.
Есептік б.т. 5,5. Таралымы 50 дана.

Баспаның Алматы қаласындағы мекен-жайы:
Қожамқұлов көшесі 128-39.
Тел.: 233-62-23, 390-41-03. E-mail: ToganayT@mail.ru

Нікіп змін

the 1990s, the number of people in the world who are illiterate has increased from 400 million to 600 million.

It is not only the number of illiterate people that has increased, but also the number of illiterate children.

There are 100 million illiterate children in the world today.

That is 100 million children who are not learning to read and write.

That is 100 million children who are not learning to think.

That is 100 million children who are not learning to live.

That is 100 million children who are not learning to love.

That is 100 million children who are not learning to be human.

That is 100 million children who are not learning to be citizens.

That is 100 million children who are not learning to be people.

That is 100 million children who are not learning to be alive.

That is 100 million children who are not learning to be free.

That is 100 million children who are not learning to be happy.

That is 100 million children who are not learning to be good.

That is 100 million children who are not learning to be kind.

That is 100 million children who are not learning to be brave.

That is 100 million children who are not learning to be strong.

That is 100 million children who are not learning to be wise.

That is 100 million children who are not learning to be human.

That is 100 million children who are not learning to be citizens.

That is 100 million children who are not learning to be people.

That is 100 million children who are not learning to be alive.

That is 100 million children who are not learning to be free.

That is 100 million children who are not learning to be happy.

That is 100 million children who are not learning to be good.

That is 100 million children who are not learning to be kind.

That is 100 million children who are not learning to be brave.

That is 100 million children who are not learning to be strong.

That is 100 million children who are not learning to be wise.

That is 100 million children who are not learning to be human.

That is 100 million children who are not learning to be citizens.

That is 100 million children who are not learning to be people.

That is 100 million children who are not learning to be alive.

That is 100 million children who are not learning to be free.

That is 100 million children who are not learning to be happy.

That is 100 million children who are not learning to be good.